


#ЖаңаҚазақстан

Жұртымыз қашан да бейбіт өмірді бағалай білген. Біз осы ұстанымнан айнымаймыз. Ол үшін елімізге береке-бірлік, өзара түсіністік қажет. Ислам адамдарды бөлінуге емес, бірлікке шақырады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

КӘСІП



ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ КЕҢЕЮІ МҮМКІН

8

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



АЛАТАУҒА БҮЛТТАР БАУЫР БАСЫП ҚАЛҒАНДАЙ...

24

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Бүгін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түркістан ауданы тұрғындарымен кездеседі. Кездесу сағат 9.00-де Майлин көшесі, 42 мекенжайында орналасқан Мәдениет үйінде өтеді. Бұл – қала әкімінің тұрғындармен сегізінші кездесуі. Жыл соңына дейін барлығы 24, яғни әрбір 8 ауданның тұрғындарымен тоқсанына кемінде бір кездесу ұйымдастырылады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

30.06.2022

Түнде:



+21+26 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+32 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

1.07.2022

Түнде:



+18+23 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+32 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №75 (6210) 30 маусым, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

КАСПИЙ – ОРТАҚ ИГІЛІГІМІЗ

Ашхабадта VI Каспий саммиті басталды



Мемлекет басшысы VI Каспий саммитіне қатысты. Халықаралық отырыс аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен және Түркіменстан Ұлттық кеңесі Халық мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесті.

2

БАҒДАРЛАМА

ЗАМАНАУИ ҚАЛА ЖАСАУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Шаһардың даму жоспары қалалықтармен бірлесіп жасалады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы әкімдігі «Алматы – адамдар үшін жаһандық қала» бағдарлама-сын әзірледі. Онда мегаполисті 2025 жылға дейін дамытудың негізгі бас-сымдықтары мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар көр-сетілген. Қала тұрғындары бағдарламамен танысып, өз ұсыныстарын «Алматыны дамыту орталығының» сайтында 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін қалдыра алады.

4

ҚЫСҚА...

- Президент Каспий маңындағы елдердің азық-түлік хабын құруды ұсынды.
- Қазақстан сыртқы сауданың 40 пайызын Еуропалық Одақпен жасайды.
- Алматы халқы соңғы 10 жылда 500 мыңнан астам адамға өсті.
- Биыл шаһардың денсаулық сақтау жүйесін дамытуға 242,1 млрд теңге бөлінді.
- Ағымдағы жылы «Халықтың бюджетке қатысуы» бойынша құны 8,7 млрд теңге болатын 237 жобаға қолдау көрсетіледі.
- Биыл Алматыдағы 55 мыңнан астам кәсіпкер салық төлеушінің арнайы QR паспортын алды.
- Алматыдағы МӘМС жүйесіне 400 млрд теңгеге жуық кіріс түсті.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

КАСПИЙ – ОРТАҚ ИГІЛІГІМІЗ

Ашхабадта VI Каспий саммиті басталды



(Басы 1-бетте)

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Ашхабадта ұйымдастырылып жатқан VI Каспий саммитіне қатысуға келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесу өткізді.

Қазақстан Президенті, ең алдымен, түркімен жеріндегі дәстүрлі қонақжайлығы үшін ризашылығын білдірді. Бұл – Сердар Бердімұхамедов Президенті болып сайланғаннан кейінгі екі ел басшыларының алғашқы бетпесті кездесуі. Осыған орай, Мемлекет басшысы Түркіменстанның жаңа Президентін сайлаудағы жеңісімен құттықтады.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабадта өтіп жатқан VI Каспий саммитіне ерекше мән беретінін жеткізді. Қазақстан Президенті саммиттің нәтижесі Каспий маңы мемлекеттерінің достық пен тату көршілік байланыстарын одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосып, өзара тиімді ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтетініне сенім білдірді.

Сердар Бердімұхамедов Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алғаны үшін ризашылығын білдіріп, осы саммитке қатысты ойын айтты. Түркіменстан Президенті бәрімізге ортақ Каспийдің игілігі үшін келелі басқосу болатынын жеткізді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Ашхабадқа жұмыс сапары барысында Түркіменстан Ұлттық кеңесі Халық мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесу өткізді.

Кездесу барысында дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған 30 жылдың ішінде Қазақстан мен Түркіменстанның байланысы бауырластық әрі стратегиялық серіктестік деңгейіне жеткені айтылды. Тараптар екі ел арасындағы сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-түркімен қарым-қатынастарына қосқан өлшеусіз үлесі үшін Гурбангулы Бердімұхамедовті Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградасы «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Сонымен қатар, Халық мәслихаты төрағасы ретінде елінің дамуына, аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігі жолында еңбек ете беретініне сенім білдірді.

АҚТАУ ТАРИХИ САММИТІНЕН БЕРІ ТӨРТ ЖЫЛ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркіменстан Президентімен кездесуден соң, VI Каспий саммитіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде қонақжайлық көрсеткені және саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдіре отырып, осы маңызды кездесудің онлайн өткізілуі дер кезінде және дұрыс болғанын айтты.

– Ақтау тарихи саммитінен бері төрт жыл өтті. Осы уақыт ішінде әлем түбегейлі өзгерістерді бастан өткерді. Коронавирус пандемиясы, геосаяси шиеленістің күшеюі және басқа да сын-қатерлер Каспий аймағындағы тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтама-

сыз ету үшін күш жұмылдырудың аса маңызды екенін талап етіп отыр. Бұрын-соңды болмаған «жаһандық дауыл» жағдайында Каспий теңізінің геосаяси тұрғыдан орналасуына, бай табиғи ресурстарына, сондай-ақ оңтайлы транзиттік әлеуетіне байланысты оның маңызы арта түседі. Ақтау саммиті Каспий маңы мемлекеттерінің күрделі әрі түйткілді мәселелерді бейбіт жолмен, тату көршілік және достық рухында шеше алатынын бүкіл әлемдік қоғамдастыққа танытты. Көп жылғы келіссөздерден кейін бесжақты ықпалдастықты кешенді түрде нығайтудың берік құқықтық негізін қалыптастырған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаны – соның айқын дәлелі, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Каспий – пайдалы ресурстардың мол қоры ғана емес, сондай-ақ шексіз мүмкіндіктерге жол ашатын теңіз. Мемлекет басшысы Каспий маңы елдерінің әлеуетін толыққанды пайдалану мақсатымен ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың перспективті жолдарын белгілеп берді.

– Біздің бүгінгі басты міндетіміз – Конвенцияның тезірек күшіне енуін қамтамасыз ету. Төрт жыл бойы осы мәселеге қатысты өзара тиімді шешімдерді іздеу жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл мәселелер тікелей ұлттық мүддеге байланысты болғандықтан, тараптардың ұстанымдарына түсіністікпен қараймыз. Біз көздеген мақсатымызға қол жеткізу үшін бар күшімізді салуға дайынбыз, – деді Президент.

ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ 2,5 ЕСЕ ӨСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі логистикалық желілердің үзілуі жағдайында өзара көлік қатынасы мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың орнықты дамуының және нығаюының маңызды факторына айналады деп санайды. Оның пікірінше, Еуропа, Орталық Азия және Қытай арасындағы транзиттік қатынастар легін қамтамасыз ету үшін Транскаспий халықаралық көлік бағытының рөлі айтарлықтай артты.

– Былғы бес айдың қорытындысы бойынша аталған бағыттағы қазақстандық жүк тасымалының көлемі 2,5 есе өсті. Ал Каспий маңы елдерімен арадағы жалпы тауар айналымы 9 пайыздан астам артты. Теңіз арқылы өтетін жүк легінің көлемін ұлғайту мақсатымен оның аймақтарындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға және теңіз флотын кеңейтуге кірістік. Біз ұйымдастыруға қатысты өзекті мәселелерді бірлесіп, жедел шешуіміз керек. Бұл өзара тиімді әрі бірізділендірілген тарифтерді уақытты бекітуге, түйткілді мәселелерді реттеуге қатысты. Сонымен қатар, Солтүстік – Оңтүстік перспективті дәлізін одан әрі дамыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін Шығыс Азия мен Парсы шығанағы елдері арасындағы ең қысқа бағыт саналатын «Қазақстан – Түркіменстан – Иран» теміржолының мүмкіндігін барынша пайдалануға болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігін күшейту мәселесіне арнайы тоқталды. Президенттің айтуынша, был-

тыр Қазақстанның Каспий маңы елдерімен арадағы өзара азық-түлік саудасының көлемі шамамен 3,5 миллиард доллар болды. Оның 70 пайызы Ресеймен құрлықтағы бағыт бойынша жүзеге асырылды.

– Қазақстанның Әзербайжанмен арадағы тауар айналымы едәуір, яғни 2,3 есе, Иранмен және Түркіменстанмен 2 есе артқаны байқалады. Бұл жерде біздің жоғары сапалы бидай (шамамен 5 миллион тоннадан астам) мен ұн (1,5 миллион тоннаға жуық) экспортының үлесі зор. Осы ретте 1 миллион тоннадан астам майлы дақылдар шығаруға қорымыз бар. Бұдан бөлек, ет-сүт өнімдерінің экспортын арттыру үшін Қазақстанның әлеуеті мол. Мемлекеттеріміздің өзара сауда-саттығын күшейту үшін заманауи логистикалық инфрақұрылымды дәйекті түрде дамыту қажет. Сондықтан Каспий маңы азық-түлік хабын құруды ұсынамыз. Бұл шығынды барынша азайта отырып, өзара тауар айналымын арттыруға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанда азық-түлік тауарларын қаттау, сақтау және сату бойынша технологиялық тұрғыдан дамыған жүйесі бар заманауи көтерме-тарату орталықтарының құрылысы басталғанын айтты.

– Бұл орталықтар мен Каспий маңы азық-түлік хабы арасындағы жүйелі интеграция шаруалардың, сатып алушылардың, тасымалдаушылардың, сатушылар мен тұтынушылардың тиімді кооперациясына жаңа мүмкіндіктер ашады. Ең бастысы, жеткізілетін барлық өнімнің сатылуына сенімді кепілдік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТЕҢІЗ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ – БАСТЫ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Каспий теңізінің экожүйесін сақтау ықпалдастықтың басты бағыттарының бірі екеніне тоқталды. Оның айтуынша, Каспий жағалауының экономикалық дамуы және миллиондаған тұрғындардың әл-ауқаты трансшекаралық су қоймасының табиғи ортасын сақтау міндетімен тығыз байланысты.

– Жер қойнауын белсенді пайдалану және ресурстарды тасымалдау аймақ экологиясына қатер төндіруде. Бұдан бөлек, жаһандық жылыну және осыған байланысты климаттың өзгеруі су ресурстарына қауіп төндіріп отыр. Ұзындығы бойынша Еуропада үшінші орында тұрған Орал өзенінің (Қазақстан аумағында Жайық деп аталады) жағдайы сын көтермейтіні осыған дәлел. Өзен суы деңгейінің күрт төмендеуі, биоресурстардың азаюы және жағалаудағы өсімдіктердің деградацияға ұшырауы, сондай-ақ антропогендік ортаның ластануы байқалып отыр. Нәтижесінде соңғы жылдары өзеннің орташа жылдық ағысы үш есе азайды. Бұл уылдырық шашатын жайылма орындардың жағдайына және Каспий теңізінің бірегей балық ресурстарының көбеюіне кері әсер етуде. Біз елдерімізге ортақ су артериясында экологиялық апатты болдырмау үшін Ресей Федерациясымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз, – деді Президент.

Бұл мәселе бойынша қолдау көрсеткені үшін Ресей Президентіне алғыс айтқан Мемлекет басшысы өзара күш біріктіре отырып,

Жайық өзенінің жағдайын жақсарту бойынша ортақ іс-қимыл жоспарын әзірлеуге шақырды. Одан бөлек, Президент ортақ теңіздің экологиялық мәселелері жөнінде айта келе, Каспий итбалықтарының мүшкіл халі туралы да айтты.

– Итбалықтардың қайта-қайта қырылуы үлкен қауіп төндіреді. Каспий итбалығы – жергілікті фаунадағы сүтқоректілердің жалғыз өкілі. Ол бүкіл теңіз аумағын мекен ететін трансшекаралық биоресурс саналады. Былтыр Қазақстан мен Ресей арасында Каспий итбалығының популяциясын сақтау жөніндегі бірлескен іс-қимылдың бес жылдық жоспарына қол қойылды. Бұдан бөлек, 1974 жылдан бері Каспийдің солтүстігінде Қазақстан мен Ресейге тиесілі қорық аймақтары бар. Алайда, Қызыл кітапқа енген осы бір жануарды сақтау мақсатында қабылданған шаралар әлі де жеткіліксіз. Сондықтан қазір біз қорық аумағын ерекше қорғалатын табиғат аумағы ретінде қайта құру мәселесін қарастырып отырмыз. Каспий маңындағы барлық мемлекетті Қазақстан мен Ресейдің бастамасын қолдауға және оған қосылуға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы саммитке қатысушылардың назарын Каспий теңізіндегі биологиялық ресурстарды заңсыз аулауға қарсы күресудің маңызды екеніне аударды. Бұл ретте Президент биоресурстарды заңсыз аулау, балық өнімдерін тасымалдау, бекіре тұқымдас-тарды заңсыз сатып алу немесе сату фактілерін атап өтті.

– Каспий қойнауын және оның маңындағы аудандарды игеру кезінде техногенді апаттар мен табиғи катаклизмдердің үлкен қаупі барын ескерген жөн. Сондықтан апат салдарының алдын алудың және оларды жоюдың аймақтық механизмін, төтенше жағдай кезінде өзара көмек көрсету жүйесін дамыту маңызды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы тығыз мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту және «Каспий бестігінің» талдау құрылымының консорциумын қалыптастыру қажет екенін айтты. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий маңы мемлекеттерінің сыртқы істер министрлері кеңесінің жыл сайынғы отырысын өткізу жөніндегі Владимир Путиннің ұсынысын қолдады.

– Каспий бойынша ынтымақтастықты одан әрі жан-жақты тереңдетуге қатысты бүгінгі айтылған бастамалар сапалы әрі уақытты орындалатынына сенімдімін. Қазақстан баршамызға ортақ және ата-бабаларымыздан мирас болып қалған береке-бірлік Каспийдің қашан да достықтың, тату көршілік пен өзара тиімді ынтымақтастықтың теңізі болып қалуына мүдделі. Халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің гүлденуі және ілгерілеуі үшін өзара ерік-жігер таныта отырып, баршамыз осы ізгі мақсатқа қол жеткізетінімізге сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

VI Каспий саммитінде Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Иран Президенті Ибраһим Раиси, Ресей Президенті Владимир Путин сөз сөйледі.

Форум қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары коммюнике қабылдады.



ЖОБА

«ХАЛЫҚТЫҢ БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУЫ»

Құны 8,7 млрд теңге болатын
237 жобаға қолдау көрсетіледі

2021 жылы қалалықтардың бастамасымен «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы бойынша 256 жоба жүзеге асырылды.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алтынай Төлеутаева хабарлады.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша қала тұрғындарының бастамасымен Алматыда жалпы құны 5,4 млрд теңге болатын 256 жоба іске асырылып, пайдалануға берілді.

– Өрбір іске асырылған жоба өзінше бірегей, қалалықтардың ең жақсы пікірлеріне ие болған жобалар бар. Мысалы, Алатау ауданының «Шаңырақ-2» және «Томирис» шағынаудандарындағы балалар мен спорт алаңдары көпшіліктің көңілінен шықты, – деді брифингте Алматы қаласы қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алтынай Төлеутаева.

Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап Алматыда «Халықтың бюджетке қатысуы» аясында жоба-



Нұржамал ӘЛШЕВА

Спикердің айтуынша, жоғары технологиялық операцияларды қаржыландыру 5,4 млрд теңгеге артқан. Сонымен қатар, биыл ЭКО процедураларына 3,2 млрд теңге бөлінген.

Тілеухан Әбілдаев БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап бере отырып, бүгінде аталған қор тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетінде медициналық қызметтерді қаржыландыруды жалғастырып жатқанын да атап өтті.

– Өмірімізге МӘМС енгізілгеннен бергі уақытта Алматы қаласының денсаулық сақтау бюджеті едәуір артты. 2022 жылға нақтыланған бюджет 242,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 17,3%-ға артық, – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

МӘМС-тің маңызды артықшылықтарының бірі – ЭКО сияқты құны қымбат тұратын медициналық қызметтерді қаржыландыру көзі артты. Мәселен, биыл 3152 қызметке 3,2 млрд теңгеден астам

лық ұсыныстарды қабылдау басталды. Оларды іске асыру 2023 жылға жоспарланып отыр. Өтінім беру мерзімі budget.open-almaty.kz сайты арқылы 20 шілдеге дейін жалғасады.

Айта кетейік, ағымдағы жылы қалада «Халықтың бюджетке қатысуы» бойынша құны 8,7 млрд теңге болатын 237 жобаға қолдау көрсетіледі.

– Бүгін алматылықтардың «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасына қатысуға тағы да мүмкіндігі бар. Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап Алматыда бағдарлама аясында жобалық ұсыныстарды қабылдау басталды. Оларды іске асыру 2023 жылға жоспарланып отыр, – деді Алматы қаласы қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алтынай Төлеутаева.

МИБ

КЕДЕРГІ КӨП

Елімізде МИБ-ке көшу мерзімі 2023 жылдың
1 шілдесіне дейін ұзартылды



Елімізде тұрғын үйлерді басқарудың жаңа формасына көшуге монополистер кедергі келтіріп

отыр. Салдарынан жаңа салынған үйлердің тұрғындарына Мүлік иелері бірлестігін құру мүмкін емес.

Олар үйдің негізгі техникалық құжаттарын алуда қиындықтарға тап болады. Осылай деген МИБ төрағасы Еркебұлан Мынжасаров тұрғындар тарапынан кедергілердің аздығын айтты. Жалпы Қазақстанда көппәтерлі үйлердің 90 пайыздан астамы басқарудың жаңа формасына ауысқан. Естеріңізге салайық, елімізде МИБ-ке көшу мерзімі 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін ұзартылды.

«Үй салушы құрылысшы үйді салып, тұрғындарға жекemenшікке сатқаннан кейін ары қарай басқаруды өз қолына алады. Бұл деген құрылысшының кепіл мерзімі бар деген сөз. Сол мерзім өткенше өзінің басқарушы компанияларымен басқарып, тұрғындарға үйдің қандай сапада салынғанын және инженерлік желісінің қандай сапада орындалғанын көруге мүмкіндік бермейді», – деді МИБ төрағасы Еркебұлан Мынжасаров.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

COVID-19

жұқтырғандардың көпшілігі
вакцина салдырмағандар

Алматыда биылғы 16–28 маусым аралығында коронавирус инфекциясын жұқтырған 352 адам тіркелсе, оның ішінде вакцина алмағандары – 222 (63%). Биылғы жыл басынан бері қалада КВИ бойынша 55 322 жағдай тіркелген.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен Алматы қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің 2022 жылғы 24 маусымдағы бірлескен бұйрығымен коронавирус жұқтырған науқастарды емдеуге арналған төсек-

орын саны 135-ке дейін ұлғайтылды.

Кешегі күнгі таңертеңгі жағдай бойынша жұқпалы аурулар ауруханасында 48 пациент емделіп жатыр. Ауруханаға түскендердің ішінде 10 жүкті әйел бар, олардың ешқайсысы вакцина алмағандар.

БРИФИНГ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте медициналық сақтандыру тақырыбы туралы тарқатып берді.

МӘМС ТҮСІМІ

Көш басында келе жатқан
Алматыдағы жағдайдың жақсарғанын
айғақтайды



қаржы бөлінген. Биылғы 4 айда жалпы сомасы 484 млн теңгеге ЭКО-ның 476 рәсімі жасалған. Бүгінде медициналық сақтандыру шеңберінде қаланың 8 медициналық ұйымы экстракорпоралдық ұрықтандыруды жүзеге асыруда.

Тілеухан Әбілдаев биылғы 4 айда аталған қор МӘМС пакетінде Алматы қаласы бойынша медициналық көмекке төлеуге шамамен 54,9 млрд теңге бағыттағанын тілге тиек етті. Қаңтар-сәуір аралығындағы шығындардың басым бөлігі стационарлық медициналық көмекті төлеуге тиесілі, бұл 28,5 млрд теңгеден астам қаражат. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсеткені үшін медициналық ұйымдарға тағы 11,4 млрд теңге төленген. Олардың ішінде ең көп сұранысқа ие медициналық қызмет түрі – КТ және МРТ жасату.

Сондай-ақ, МӘМС жүйесі аясында оналту көмегіне 3,4 млрд теңге бағытталған. Спикер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу медициналық

оналту бағытында қаржы көзінің едәуір өсіп, бұл қаражат осы қызмет түрінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік бергенін атап өтті.

Спикер аталған қордың 2017 жылдан бастап міндетті медициналық сақтандыруға қаражат жинақтап келе жатқанын, ал 2018 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде, сондай-ақ 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап – міндетті медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық көмекті стратегиялық сатып алушы екенін еске салды.

– 2022 жылдың 5 айында МӘМС жүйесіне түсімдер 398,4 млрд теңгені құрады. Түсімдердің негізгі үлесін 15 жеңілдік санаты үшін мемлекеттің жарналары құрайды, бұл 42%-дан астам, жұмыс берушілердің аударымдары – 34,7%-дан асады және экономикалық белсенді халықтың жарналары – 22,6%, – деп атап өтті Т.Әбілдаев.

Өңірлер бойынша ең көп кірістер Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары мен Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі.

Спикер брифинг барысында медициналық ұйымдар тарапынан құқығы бұзылған жағдайда кез келген қала тұрғыны Qoldau24/7 мобильді қосымшасы, 1406 бірін-ғай байланыс орталығы және ресми сайт fms.kz арқылы арыз-шағым, өтініш қалдыра алады. Өтініштер жауапсыз қалмайды деп сендірді спикер.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

АРЫҚТАРДЫ РОБОТ ТЕКСЕРЕДІ

Қала әкімдігі арық желілерін қалпына келтіру және оларды су бұру үшін коллекторлармен байланыстыру жұмыстарын жүргізуде.



Динара МҰРАТ

Құбыржолдарды зерттеу үшін Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары жоғары айқындықтағы камерамен жабдықталған және төменгі жиілікте жұмыс жасайтын, қашықтан басқарылатын роботты пайдалана бастады. Аппаратты жергілікті мамандар өз күштерімен жинап шығарған.

Дөңгелектің көмегімен жылжитын кішігірім робот қолжетімсіз жерлерден оңай өтіп, сол жердегі бейнені тікелей арнайы мониторға шығарады. Сонымен қатар, аппарат телеметрия мәліметтерін иілу бұрышы мен тік күйінде де көрсетеді. Құрылғының көмегімен ластану деңгейімен қатар, құбырдағы коррозия, жарылу және т.б. ақауларын анықтауға болады.

Қазіргі кезде қала әкімдігі арық желісін қалпына келтіріп, оларды коллекторлармен байланыстыру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен қатар, арық желілерінің суару мүмкіндігін де қалпына

келтіру қолға алынған. Арық желілерін жөндеу және қайта құру жұмыстары бойынша тиісті жобалау есептеу құжаттамасы әзірленді. Кейбір жерлерде арық желілерін кеңейту жоспарланған.

Қалада тығыз құрылыстың жүргізілуіне байланысты арық желісін салуға мүмкіндік жоқ жерлерде су басуды болдырмау үшін су ағынын бөлу жұмыстары жүргізілуде. Жылдың соңына дейін 56 су басу аумағында коллектор жүйесін іске қосып, арық желісімен байланыстырып, апатты қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Алматыда су басудың негізгі себебі – арық желісінде жауын және еріген қар суын өткізу мүмкіндігі жоқ коллектор-каріз жүйесі нашар жағдайда. Қолданыстағы коллекторларға көп жылдан бері тиісті қызмет көрсетілмеген.

Қалада барлығы 16 коллектор бар, оның 12-сі жарамсыз, төртеуі тек 30%-ға жұмыс істеп тұр. Биыл жалпы ұзындығы 376 шақырым арық желісін салу және қайта құру жұмыстары басталды.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.



БАҒДАРЛАМА

ЗАМАНАУИ ҚАЛА ЖАСАУ
ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Шаһардың даму жоспары қалалықтармен бірлесіп жасалады

Соңы. Басы 1-бетте

Алматыны кеңістіктік дамытудың негізгі міндеті – жайлы қалалық орта құру және қаланың барлық аудандарында өмір сүру сапасын арттыру. Ол үшін Алматыны көпорталықты дамыту, қоғамдық көліктің дамыған жүйесі және аудандардың байланыстылығы, жаңа тарифтік саясатты енгізу және шығындарды азайту арқылы ТКШ қызметтерінің сапасын жақсарту секілді үш басым бастама айқындалып отыр.

Қаланың көпорталықты дамуы Алматының жаңа бас жоспарын бекітуді көздейді. Мұнда қоғамдық, экономикалық және мәдени белсенділіктің жаңа орталықтарын қалыптастыру; тұрақты жұмыс орындарын құру; ескі тұрғын үйлерді реновациялау; индустриалды аудандарды қайта дамыту (Алматы-1); көлік инфрақұрылымын дамыту қарастырылған.

Сондай-ақ, осы бағыт бойынша 2025 жылға дейін бес орталықтың шеберлік-жоспарларын әзірлеу және бекіту жоспарлануда. Олар тоқсандық құрылыс; әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне және қоғамдық көлікке 15 минуттық кадамдық қолжетімділік; тұрғын үйлердің белсенді бірінші қабаты; қаланың жаңа тұрғын және қоғамдық ғимараттарын салу кезінде 100% кедергісіз орта қалыптастыруға бағытталады.

2030 жылға дейін орталықтардың экономикалық мандануын ескере отырып, олардың құрылымын қалыптастыруды аяқтау болжануда. Атап айтқанда, Солтүстік – экологиялық зиянсыз өндірістер, рекреация мен көгалдандыруға арналған жаңа аумақтар (ҰАК-ның, Баум тоғайы бойында), дамыған қызмет көрсету саласы; Шығыс қақпасы – әуежай ауданындағы логистикалық хаб және көрме-ойын-сауық орталығы, медицина, фармацевтика; Тарихи орталық – туризм, дамыған қызмет көрсету саласы; Батыс – ірі индустриалды кәсіпорындар, көлік-логистикалық хаб; Оңтүстік-батыс – шағын өнеркәсіп паркттері, сауда, логистика болып бөлінеді.

Жайлы қалалық ортаны қалыптастырудың маңызды құрамдас бөліктері қоғамдық көлікті дамыту және аудандардың байланысын қамтамасыз ету, жаңа тарифтік саясатты енгізу әрі шығындарды азайту арқылы ТКШ қызметтерінің сапасын арттыру болып табылады.

Демографиялық өсім бар

Қала халқы соңғы 10 жылда жарты миллион адамға өсті. Бұл туралы Алматы даму орталығының сайтында жалпыға ортақ талқылау үшін жарияланған «Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспарының негізгі басымдықтары және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» атты құжатта айтылған.

«Алматы халқы соңғы 10 жылда 500 мыңнан астам адамға өсті, сонымен бірге қаланың әлеуметтік, көлік және басқа инфрақұрылымына жүктеме айтарлықтай өсті», – делінген құжатта.

Көші-қон өсімінің шамамен 60%-ын береді, оның құрылымында жоғары білімі бар адамдардың үлесі 2012 жылғы 30%-дан 2021 жылы 60%-ға дейін ұлғайды.

Шаһардың дамуына әсер ететін факторлар

Алматы қаласын дамыту орталығының сайтында жарияланған құжатта мегаполистің басқа да қарқынды дамып келе жатқан қалалар сияқты урбанизацияның қиындықтарына тап болып отырғаны айтылады. Кейінгі жылдары Алматының көлемі ұлғайғаны инфрақұрылымға кәдімгідей салмақ салып отыр. Қала тұрғындарының басым бөлігі орталықтандырылған су, жылу желілер, жалпы, инженерлік желілердің тозуы мен тұрғын үй қорының ескіруі, қоғамдық көлік мәселесі, қаланың экология мәселесі толғандырады. Алматыда әлеуметтік, экономикалық, инфрақұрылымдық, экологиялық бағыттағы 4 санатқа бөлінген сын-қатерлер бар.

Әлеуметтік салада:

- Ел ішіндегі көші-қон есебінен халық санының жылдам өсуі: 5 жаңа алматылықтың 3-еуі сырттан келгендер;
- Қатынамалы көші-қон (күнделікті 400 мыңнан астам адам кіреді), қылмыс қатерлерінің өсуі;
- Сырқаттанудың жоғары деңгейі, ҚР бойынша орташа қан айналымы жүйесінің аурулары деңгейінен орта есеппен 2,3 есе жоғары;
- Әлеуметтік қызметтерге сұраныстың жоғары болуы;
- Мектептердегі (19,6 мың) орын тапшылығы;
- Мемлекеттік емханалар желісінің 60%-дан астамы 1,7 есе шамадан тыс жүктелген.

Экономикалық бағытта:

- 2015 жылдан бері халықтың нақты табысының небәрі 2%-ға өсуі;



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

- Жоғары инфляция (2022 жыл басынан бастап 8,8%), жоғары инфляциялық күтімдер сақталуда;
- 380 мың немесе ересек алматылықтардың 25%-і әлеуметтік медициналық сақтандыруға қол жеткізе алмайды;
- 10 қылмыстың 9-ын жұмыссыздар жасайды;
- Көлеңкелі экономиканың елеулі үлесі – қаланың ЖІӨ-нің 28,3% (елдің ЖІӨ-нің 5,4%) құрайды;
- Елдегі әрбір бесінші жұмыссыз жас Алматыда тұрады (14,4 мың адам).

Инфрақұрылымдық жүйе:

- Қала аудандарының өмір сүру сапасындағы теңсіздіктер;
- Оңтүстік бөлігінде – білім беру (60%), мәдениет объектілерінің (85%) және саябақ аймақтарының (75%) шоғырлануы;
- Солтүстік бөлігінде – өнеркәсіптік аймақтар, қоймалар, ескі тұрғын үйлердің (61%) орналасуы;
- Күн санап өсіп келе жатқан көлік ағымы, кептелістер, 470 мың қалалық және 230 мың сырттан келетін автокөлік;
- Инженерлік желілердің дамымауы;
- Қала ауалары мен көшелерінің 1/5-іне жарық орнатылмаған;
- Электр желілерінің тозуы 65%, 14% желілердегі кемшіліктер;
- Суық сумен қамтудағы жоғалту – 30%;
- 40 мыңнан астам адам сырттан әкелінетін суды пайдаланады;
- Тұрғын үй қорының ескіруі (қалада 1,7 мыңнан астам ескі және апатты үйлер бар (барлық КТҮ-нің 1/5-ке жуығы), онда шамамен 75 мың қала тұрғындары тұрады.

Экологиялық ахуал:

- Атмосфераның жоғары ластану индексі: 7 (5-ке дейін қалыпты);
- NO2 рұқсат етілген шекті мөлшерінен 2 есе, PM2.5 3 есе артуы;
- Қалдықтар көлемінің өсуі, 430 мың тонна КТҚ-ның тек 17% қайта өңделеді;
- Көгалдандыру бойынша әркімділік;
- Қала бойынша адам басына орта есеппен 12 ш.м., батыс және солтүстік-батыс аудандарда 5-7 ш.м./адам;
- 4 млн ағаштың 485 мыңы – 12% апаттық жағдайда және жағдайы нашар.

Алматы қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері Алматының дамуына қатысты маңызды құжатты талқылауға қала тұрғындарының белсенділік танытып, атсалысуға шақырады.

Естеріңізге сала кетейік, қала билігі маңызды құжатты талқылауға уақыт беріп отыр. Бүгінде бағдарламаны әлеуметтік желілерде белсенді алматылықтар талқылау үстінде. Жайлы өмір сүру орта қалыптастыру бағытындағы өз ойларын ортаға салып жатыр. Мұндай белсенділік алып шаһардың дамуына тың серпін береді. Адам өмірі мен қызметіне һәм тұрмысына жайлы, инфрақұрылымы дамыған, туристері көп халықаралық деңгейдегі заманауи қала болғаны әрбір алматылық үшін мәртебе. Ендеше, Алматының әлем елдері алдында мәртебесінің жоғары болуы, жақын болашақта қалалықтардың өмір сүруі үшін Алматыны ақылды әрі тең мүмкіндіктер қаласына айналдыру біздің өз қолымызда!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Борис ДЖАПАРОВ,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Ойларыңызды
ашық білдіруге
шақырамыз

Алматы қаласының 2025–2030 жылдарға дейінгі орта мерзімді даму жоспарларының жобасымен қала жұртшылығын хабардар еткен қала әкімі Ерболат Досаев негізгі басымдықтардың қатарына қоғамдық транспорт мәселелерін қойып отыр. Көпшіліктің көңілінен шығатын жоспарлы межелер қаладағы қоғамдық көліктердің барлық түрлерін қамтыған десек, қателеспейміз. Әсіресе, «Алматы арена» мен «Халық арена» арасын Төле би көшесі арқылы қосатын жеңіл рельсті транспорт, жаңадан ашылатын электр күші және газбен жүретін 5 автобус паркі мен 5 газ құю бекетін, жүздеген жаңа автобус, қала кіреберістеріндегі 4 жаңа паркинг алаңдары мен көлік-хабтарының құрылысы, қала орталығынан Үлкен Алматы айналымды автожолына тікелей шығатын 10-ға жуық радиалды көшелерді және тағы басқа жолдарды салу, т.б.

Әрине, жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа мәселелер мен кедергілер де туындайтыны анық. Сол себептен, қала әкімі қала тұрғындарына ұсынылып отырған жобаларды белсене талқылауға шақырып отыр. «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген. Осыған орай, барша алматылықты қоғамдық көліктің алдымыздағы 8 жылға арналған даму жоспарымен жете танысып, өз ойларыңызды ашық білдіруге шақырамыз.



Жанат ҚАСЫМЖАНОВА,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Алматылықтар үшін
зор мүмкіндік

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының 2025 жылға дейінгі даму жоспарының негізгі басымдықтары және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» жобасы талқылауға ұсынылып отыр. Бұл – әр қала тұрғынының өз үнін қосатын, өз таңдауын білдіретін және өзінің сүйікті қаласының көркеюіне өз үлесін қоса алатын мүмкіндік екенін атап өткім келеді. Жобаны даярлау барысында қаланың болашақ даму бағыты әртүрлі саладағы белсенді және білікті сарапшылармен талқыланды. Енді қала тұрғындарының назарына ұсынылып отыр. Сондықтан әрқайсымыз өз таңдауымызды жасау мүмкіндігінен қалыс қалмайық, себебі қаламыздың жақсаруы өз қолымызда.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Жауап беруге құлықсыз аудан



Алмалы ауданына қарасты Тұрғыт Өзал, 213 мекенжайындағы көше бойында люктардың қаппағы ұрланып, көліктерге зиян келтіруде.

Тұрғындардың айтуынша, құдықтың ашық жатқанына 2 аптадан аса уақыт өткен. Бірақ осы уақытқа дейін аудан жауаптылары мәселенің жәй-жапсарын білуге бірде-бір рет келмеген.

– 2 апта бұрын Алмалы ауданы әкімдігіне хабарласып, люктің ашық жатқанын айтып, көмек сұрағанбыз. Әкімдік қызметкерлері «мәселені шешеміз» дегенімен, әлі бұл жерге келген емес. Құдық көліктердің жүріп-тұруына үлкен зиян тигізіп жатыр. Әсіресе, түнгі уақытта құдық көрінбейтіндіктен, көлік

дөңгелектері ашық тұрған люкке түсіп кетіп жатады. Мұндай ашық құдық күндіз де қауіпті ғой. Ал егер балалар түсіп кетсе қайтесіз?! – дейді аудан тұрғыны Еркін Берікұлы.

Бұл мәселеге аудан әкімдігі бей-жай қарағандықтан, тұрғындар редакциямызға хабарласуды жөн көрген. Біз Алмалы ауданындағы бірнеше мәселелерді қозғап, әлеуметтік желідегі Instagram парақшамызға салдық. Жауап бермеген соң әкімдікке қоңырау да шалдық. Тұтқаны ешкім көтермеді. Соған қарағанда, әкімдіктегі осы салаға жауапты мамандар көшелерді аралап жүр ме екен деп ойлаймыз. Неге десеніз, осы күнге дейін аудан әкімдігінен хат та, хабар да жоқ...

АЛАТАУ АУДАНЫ

Жедел жәрдем жете алмады



«Алғабас» ықшамауданына қарасты Бесбатыр көшесінде науқасқа бара жатқан жедел жәрдем көлігі батпаққа батып, орта жолда қалып қойған.

«Бұл аудандағы бірінші рет қайталанып жатқан жағдай емес» дейді тұрғындар. Жедел жәрдем көліктерінің дер кезінде науқасқа жете алмауының да үлкен себебі аудандағы жол мәселесі болып отыр.

– Жаңбыр жауған күні не өзіміз жұмысқа қатынай алмаймыз, не сырттан шақырылған көліктер жете алмайды. Түнде атамыз ауырып, қан қысымы көтеріліп, жедел жәрдем шақырғанбыз. Алайда, шақырған көмегіміз жарты жолда батпаққа батып, медбикелер үйге дейін жаяу келуге мәжбүр болды. 10-15 минутта келетін көмек 1 сағатқа жуық уақытта әрең жетті. Адам өмірін бұлай қатерге қоюға болмайды. Жолымызды жөндеуді кейінге қалдырмаңыздар, – дейді Данияр есімді аудан тұрғыны.

Жалпы, «Алғабас» ықшамауданы қаламызға «проблемалық аудан» ретінде танымал. Ал мына жағдай тұрғындардың тіпті ашуын келтіріп отыр. «Адам жаны қатерде тұрғанда 1 минуттың өзі маңызды» деген тұрғындар жол мәселесіне аудан әкімдігінің бей-жай қарамауын сұрайды.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Әкімдік уәде берді

Наурызбай ауданындағы Редко көшесі, 189 үйінің алдында да құдықтың беті ашық жатыр.

Сол үйдің тұрғыны Натальяның айтуынша, құдық дәл үйдің алдында орналасқан. Сол себепті, аулаға көліктің кіріп-шығуы қиындаған.

– Ашық құдықтарды тезірек жабу керек. Әйтпесе, өте қауіпті ғой. Міне, мына құдық біздің үйдің тура алдында орналасқан. Осы маңда балаларымыз бен немерелеріміз жүреді. Сыртқа жіберуге қорқамыз. Күні бойы оларды қадағалап аулада отыра алмайсың... Үйдегі тірлігіміз бар дегендей... Абайсызда, іші суға толы терең құдыққа түсіп кетсе қайтесіз?! Ойлаудың өзі қорқынышты, – дейді ол.

Біз тұрғынның өтініші бойынша Наурызбай ауданы әкімдігіне хабарласқанбыз. Жауапты мамандар құдықтың бетін жауып, ішіндегі суды тазарту үшін «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына хат жолдағандарын айтты.



Жақын арада мәселенің шешілетініне уәде берді. Ең бастысы, сырғытпа жауап болмаса болғаны. Әкімдіктен нәтиже, тұрғындардан жағымды хабар күтеміз.

Жарығы жоқ өткел

Редакциямызға хабарласқан алматылық Аида Қанағатқызы Сейфуллин көшесі мен Гоголь көшелерінің қиылысындағы жоласты өткелінде жарық жоқ, ол жермен жүру қорқынышты екенін айтып, былай дейді:

– Жаяу жүргіншілер үшін арнайы жасалған жоласты өткелдері халыққа қызмет етуі тиіс. Ол үшін мына жерлер талапқа сай болса дейміз. Өткелдің баспалдақтарымен түсіп келе жатып, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін орнатылуға тиісті пандустарды көрдім. Бірақ олар арбаға тиелген күйі тұр. Содан кейін күмбірлеген күйдің дауысы естілді. Адымдай басып, алға жүргенде бойыңды бірден қорқыныш билейді екен. Өйткені, жерасты өткелінде жарық жоқ. Қараңғы, шаң басып, қоқысқа толған жерде кім жүреді? Осындай

көріністерден кейін жаяу жүргіншілер жолды кесіп өтпей қайтсін? Жол-көлік апатына да себепші болатын жайттар осы ғой?! – дейді ол.

Алматыда жол қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, көлік кептелістерін азайту мақсатында салынған жоласты өткелдері көп-ақ. Бірақ олардың барлығының жағдайы жақсы деп айтуға келмейді. Кейбіреулері қараусыз қаңырап бос тұр. Жарығы жоқ өткелдер, әсіресе, кешкі уақытта қорқынышты. Мәселен, қазір күн күйіп тұр. Аптап ыстықта жұрт көлеңкемен жүргісі келетіні сөзсіз. Сондықтан жоласты өткелдерінің талапқа сай таза әрі жайлы болуы қажет-ақ. Ендеше, Алмалы ауданы әкімдігінің жауапты сала мамандары бұл мәселені назарға алар деп үміттенеміз.



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Паркингке су толып жатыр

Алматылық желі қолданушы Майгүл Омархан кешегі жауған жаңбыр салдарынан үйлерінің ауласы мен жер астындағы көлік тұрағы суға толып қалғанын айтады.

– Бұрын мұнда биік бордюрлер бар болатын, сол суды бөген өткізбейтін. Ал қазір Қожабеков көшесінен төмен қарай аққан жаңбыр суы біздің ауламызға, одан кейін жерасты көлік тұрағына көшік болып жиналып жатыр. Аудан әкімдігі осы мәселеге назар аударып, реттеп берсе дейміз, – дейді ол.

Ауа райының құбылмалы екенін ескерсек, жаңбыр кез келген уақытта жауа салуы мүмкін. Ал жауған нөсер тұрғындарға кедергісін тигізбес үшін халықтың үнін естіген абзал-ақ. Бостандық ауданы әкімдігі бұл мәселені жақын арада шешеді деп сенеміз.



ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Үзілді-кесілді қарсымыз

Кенжебек Жакупов есімді алматылық желі қолданушы 10 А ықшамауданындағы үйлердің маңында әлдекімдердің тандыр-пеш жасап жатқан суретін салып, оған тұрғындардың барлығы қарсы екенін жазыпты.

– Көпқабатты тұрғын үйлер орналасқан жерге жеке адамдардың кәсіп ашуына біз үзілді-кесілді қарсымыз. Біз бұл істі заңсыз деп есептейміз. Күн болса, мынау, күйіп тұр. Ашық аспан астында тұрған тандыр газ баллонмен жұмыс істейтін көрінеді. Құдай бетін әрі қылсын, егер алда-жалда күннің қызуынан жарылып жатса, оған кім жауап береді? «Сақтықта қорлық жоқ». Біз Әуезов ауданы әкімдігінен мына кәсіпті жүргізуге тез арада тосқауыл қоюын сұраймыз, – дейді тұрғындар.

Желі қолданушылар арасында қызу талқыланып жатқан бұл жағдай жұрттың ашуын келтіріп отырғаны сөзсіз. Мәселеге өз ойын білдіргендер көп. Бірі «полиция қайда қарап отыр?» десе, екінші бір тұрғын «Мұның бір ғана жолы бар. Сотқа беру керек!» дейді. Мұндай газға қосылған тандыр-пеш Абай даңғылы мен Алтынсарин көшелерінің қиылысында да тұр, – дейді Малика Таирова.



P.S. Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефоны арқылы хабарласыңыз. Алматының дамуына үлес қосайық!

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ӘЛЕУМЕТ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Логистика және көлік академиясында қалалық Әкімшілік полиция басқармасы мен Алматы қаласындағы қоғамдық көлік кәсіпорындарының директорлары, жалпы көлік саласы мамандары бас қосқан «Дөңгелек үстел» өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиында қала көшелеріндегі көлік кептелісі, жүргізушілердің қоғамдық ортадағы мәдениеті, жол апаттарының болу себебі, т.с.с. түйткілдер сөз болды. Білікті мамандар аталмыш мәселелерді әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып талқылап, оны шешудің жолын қарастырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырыстарының бірінде еліміздің үлкенді-кішілі қалаларында қоғамдық көліктің жағдайын жақсартып, қызметтің сапалық деңгейін одан әрі көтеру қажеттігін атап көрсеткен болатын. Бұл мәселе барлық өңірдегі жергілікті органдарға жаңа міндеттер жүктейтіні сөзсіз.

Ендеше, алып шаһар бұл тақырыпқа қаншалықты ден қоюда? Мегаполистегі қоғамдық көлік мәселесінің бүгінгі жай-күйі қандай? Қоғамдық көлік жүргізушілерінің мәдениеті мен жұмысына жолаушылардың көзқарасы қандай? Жалпы, бұл салада қандай жетістіктер бар? Тізе берсең, сауал көп, әрине. Сондықтан біз осы сауалдардың барлығын бір ғана сұрақпен: «Алматы қала тұрғындарына сапалы көлік қызметін ұсына алып отыр ма?» деп түйіндедік.

«Дөңгелек үстел» барысында көлік саласын зерттеп жүрген мамандар өз ойларымен бөлісе отырып, ұсыныстарын да айтты.

Техника ғылымының докторы Жұмажан Жаңбыровтың айтуынша, елімізде жол апатының көбеюіне жол белгілерінің дұрыс қойылмауы, көлік жүргізушісінің жылдамдықты арттыруы, жолдарда электр-самокат, мопед, монодөңгелек секілді альтернативті көліктердің көбеюі, жаяу жүргіншілердің тиісті жолақтармен өтпеу мәселелері жиі себеп болуда. Білікті маман одан кейін «бармақ басты, көз қысты» әрекетпен жүргізуші куәлігін сатып алатындардың көбейгенін тоқтату керектігін тілге тиек ете келіп:

– Қоғамдық көлік жүргізушілерінің басым көпшілігінің мінез-құлқы нашар. Көлік тығынында бірден ашуға бой алдырады. Автобустар да «кестемен жүре қоймай», өзге көліктермен жарыса жөнелетіндері қаншама?! Мұндай мінезді жол көтермейді. Сондықтан автобус паркі басылымы жастарды жұмысқа аларда өте сақ болғаны жөн. Олардың жүргізуші куәлігі барына қарамастан, жұмысқа ең алғаш келген жасты бір ай сынақ мерзімінен өткізуі керек. Қоғамдық көлікті бұрыннан жүргізетін кәсіби маманның қасына отырғызып, үйретуі тиіс. Содан кейін ғана автопарк ішінде құрылған комиссия мүшелері арқылы жұмысқа алатын жасты қосымша арнайы тестіден өткізуі керек. Себебі, жүргізуші куәлігін алған бір бөлек те, ал қоғамдық көлікті басқару, жүргізу мүлдем бөлек. Өйткені, ол жүргізуші куәлігін қалай алды, мүмкін, сатып алған шығар... Сатып алмаса да кейбір адамдар теориялық жағынан жақсы білгір болады да, практикалық жағына келгенде тәжірибесіз болып жатады. Міне, осы мәселелерді ескеріп, оны шешу жолдарын іздестірсек, жол апаттарының алдын алар едік, – деді.

Көпке топырақ шашудан аулақпыз, әрине. Бірақ Алматыдағы қоғамдық көлік жүргізушілерінің басым көпшілігінде мәдениет төмен. Оны сіз де, біз де күнделікті тіршілікте көріп-ақ жүрміз. Міне, шілдігір шілденің аптап ыстығы да келді. Қазір көліктердің іші қайнап тұр. Кейбір авто-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда ресми түрде 550 мыңнан астам автокөлік тіркелген.
- Қалада күнделікті 900 мыңдай автокөлік жүреді.

бустарда ғана болмаса, салқындатқыш деген заманауи құрылғылар көбінде жоқ. Шеткі аймақтарға қатынайтын жолаушылар көлігінде бұл құралдың жұрнағы да табылмайды. Аузы-мұрынын шығарып, жолаушы толтырып алатын автобустарда санитарлық талап мүлде сақталмайды. Салондағы орындықтардың арқалықтары сынған, бес батпан кір. Лас. Сонысына қарамай, әлгі көлікті жолаушылар аялдамаларда сағаттап күтетінін қайтерсіз?!

Қайтсін, енді, қарапайым халық үшін ең тиімді көлік қатынасы осы автобустар ғана. Бұл көрініс негізінен қалаға кейіннен қосылған елдімекендерге қатынайтын көліктерде жиі кездеседі. Автобус жүргізушілерінің жолда келе жатып құдды бір үйінде отырғандай ұялы телефонмен айқайлап сөйлесетіні, темекі шегуі, автобуста өзін қожайын сезініп, жолаушыларға дөрекілік танытуы халықтың ашу-ызасын тудырып отырғаны жасырын емес.

Қарапайым халық үшін ең тиімді қозғалыс құралы қоғамдық көліктер екенін біле

тұра, сала мамандары халыққа дұрыс жағдай жасап отырған жоқ. Бұл мәселелермен автобус парктерінің басшылары хабардар екені анық. Бірақ неге екені, жұмыстарына немқұрайдылықпен қарап, еш әрекетсіз отырғанына таңбыз. Өйтпесе, қолда бар автобустың іші-сыртын тап-таза етіп жуып, орындықтарын қалпына келтіруге не кедергі?! Бүгінде дәл осы тазалық мәселесіне қатысты әлеуметтік желілерде жолаушылар шағымы көп. Автобустардың жүру арақашықтығы, салондардың санитарлық жағдайы өте нашар екені желі қолданушылар жүктеген көріністерде анық байқалады.

«Дөңгелек үстел» барысында бұл мәселе жан-жақты талқыланды. Білікті мамандар тығырықтан шығарады деген ой-пікір, ұсыныстарымен бөлісті. Қорыта келе, сала мамандары ақылдаса отырып, Алматы көлік саласы мәселесімен ғылыми түрде айналысатын «Қала логистикасы» оқу-әдістемелік ғылыми орталығын ұйымдастыруға шешім қабылдады.



МАМАН ПІКІРІ:

Нұрлан АМАНБЕК,
Алматы қалалық полиция
департаменті әкімшілік полиция
басқармасының басшысы:

ЖОЛ АПАТЫНЫҢ
СЕБЕБІ КӨП

Алматы қаласында жеке мотобильділік құралдары, яғни мопед, электрсамокат, монодөңгелек секілді көлік құралдарынан болатын жол апаттары артып келеді. Себебі, олардың қозғалысын бақылап отырған ешкім жоқ, бұл құралдарды басқарушыларға ешқандай шектеулер жоқ, яғни олармен қайда жүргісі келсе жүре береді. Осыған орай, алдағы уақытта Алматыда көліктің осы түрлерінің жүру тәртібі, олардың жүргізушілерін әкімшілік жауапқа тарту туралы шаралар қабылданатын болады.

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Күлән МЕКЕБАЕВА, аспаз:

ЖЫЛЫНА БІР ЖУУҒА
БОЛАДЫ ҒОЙ...

Қоғамдық көліктің қызметіне көңілім толмайды. Неге десеміз, автобустарда санитарлық талаптар өте нашар. Әсіресе, таңертеңгі жұмысқа баратын, кешкі үйге қайтатын қарбалас уақытта аялдамаларда автобус күтіп көп тұрамыз. Күн болса қайнап барады. Көліктің ішінде ауа жоқ. Бірен-саран қоғамдық көлікте болмаса, салқындатқыш деген атымен жоқ. Әйтеуір көлікті лықа толтырып алып, көбірек табыс табуды ғана көздейді. Уақытылы жүрмеген қоғамдық көліктер кептеліс тудыратыны тағы бар.

Мәселен, мен қалаға кейіннен қосылған «Гүлдәла» елдімекенінде тұрамын. Біз мінетін №203, 222, 225 автобустардың іші өте лас. Орындықтарының арқалықтары сынық. Сол арқалық үшін жолаушылар арасында кейде ұрыс-жанжал туындап жатады. Менің ойымша, сол автобустар сатып алынғалы бері жуылмаған-ау, шамасы. Күнде таксимен жүруге қарапайым халықтың мүмкіндігі жоқ. Сондықтан ең болмаса айына бір рет көлік ішін тазалап жусыншы. Біздің сөзімізге сенбесе, сол көліктерге жауапты автобус паркінің басшылары өздері мініп, жүріп көрсін!

Берік ҚҰРАЛБАЙ, көлік жүргізуші:

«ОНЛАЙН КУӘЛІК» ОРҒА
ЖЫҚПАСЫН

Қазір елімізде көлік жүргізуді онлайн оқыту үрдісі белең алған. Бәлкім, біреулерге оқудың мұндай түрі ыңғайлы да шығар. Полицейлер де бұл ешкімді міндеттеу емес, адамдарға таңдау мүмкіндігін жасау дейді. Мейлі, қашықтан оқыдыңыз делік, бірақ онлайн оқыған адамның тәжірибесі жоқ болса, ол қалай жолға шықпақ? Менің ойымша, онлайн оқытандар кәсіби нұсқаушының қасында отырып көлік айдап үйренбесе, оған жақынының үйреткені аздық етеді. Өз басым, оқудың мұндай түріне қарсымын. Көлік жүргізу ермек емес. Егер қолыңа жүргізуші куәлігін алсаң, өз өміріңмен қоса, өзгенің де өміріне жауапты екенінді сезінуің керек. Сонда ғана жолда тәртіп болады. Бүгінде қала көшелерінде таныс арқылы жүргізуші куәлігін сатып алып, көлік тізгіндеп жүрген қыз-жігіттер жетерлік. Осындай жең ұшынан жалғасқан сыбайластықтың жолына тосқауыл керек.



САРАПТАМА

КӨШІ-ҚОН: келуші көп, келешек қандай?

Көші-қон саясаты – аса жауапты сала. Алдымен ол елдегі саясатқа тікелей әсер етпек. Бүгінде көршілес елдерден Қазақстанға ағылушылар санының көбейгенін көріп-біліп отырмыз. Олардың арасында тіпті белгілі өнер тарландары да бар.

Ақпарат көздеріне қарағанда, қазір Қазақстанға келушілердің дені негізінен IT және банк қызметкерлері екен. Алайда, келіп жатқандар арасында қарапайым адамдардың да көп болуы заңдылық.

Еліміздің Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігі елге келушілер саны күзде көбейе түседі деп болжап отыр. Бұл туралы жақында Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің төрағасы Ерболат Әбілхатин ресми түрде мәлімдеді де.

Оның айтуынша, қазіргі еңбек нарығындағы ахуал анау айтқандай жаман да емес көрінеді. Өткен жылмен салыстырғанда келушілер саны 30 пайызға артқан. Алайда, бұл пандемияға дейінгі көші-қон көрсеткіштерінен төмен.

Қарапайым адамдардың негізінен тұрмыс деңгейі жоғары елдерге келуге құлықты болатыны айтпаса да белгілі.

Ал біздің еліміздегі қазіргі жалақы мен жұмыссыздықтың жағдайы қандай? Ұлттық статистика бюросы берген деректерге қарағанда, Қазақстандағы орташа жалақы бірінші тоқсанда 285 мың теңге болған. Алайда, медианалды жалақы одан анағұрлым төмен. 180–200 мың шамасында.

Дегенмен, бұл көрсеткіштер көрші мемлекеттен әлдеқайда жоғары сияқты. Жұмыссыздыққа келсек, қазіргі оның деңгейі өткен жылғымен салыстырғанда 4,9 пайызға артқан. Алдағы уақыттағы ықтимал келімсектер ағысын күтсек, жағдайдың одан әрі күрделене түсуі әбден мүмкін.

1 мамырға дейін Қазақстанға 14 мың адам қоныс аударыпты, оның 9 мыңы жұмысқа қабылдануға құжат өткізген. Негізінен қазіргі келіп жатқандар – қат мамандықтың иелері. Алайда, алдағы уақытта кері салдоның көрсетілуі мүмкін.

Осы жерде Ресейдің алдыңғы жылғы Азаматтық кодексіне енгізілген өзгерістеріне тоқтала кетуге мәжбүрміз. Қазір бар-



жоғы белгісіз, ол кездегі Азаматтық кодекс бойынша Ресейге келген техникалық ғылым мамандарына бір жылдың ішінде азаматтық берілетін.

Бұл тәжірибенің біз үшін де маңызы зор. Өйткені, күзде келетіндер арасында түрлі саланың мамандарымен қоса, жұмысқа жарамсыздар болуы да ғажап емес.

Бұл жерде бұрынғы орысы басым, қазағы момын Алматының жағдайын да ұмытпау керек дер едік.

Әбілхатин мырзаның айтуынша, қазір Ресейге қоныс аударушы қазақстандықтар саны күрт азайған. Бұрын Қазақстанның жас кадрлары оқу үшін Ресейге барып, сонда жұмыс істеп қалатын. Басқаша айтқанда, Қазақстан мектептері Ресей экономикасы үшін кадр дайындайтын. Ресейде қалып қойған жас мамандардың қазіргі ресми саны – 80 мың адам.

Оған қоса, Қазақстаннан шетке жұмыс іздеп кететіндерді де ұмытпау керек. Қазақстандықтар негізінен Оңтүстік Кореяға,

Түркияға, Араб Әмірлігіне және Еуропа елдеріне кетеді. Қазіргі шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың жалпы саны 200 мың адам шамасында.

Сарапшылардың айтуынша, мигранттардың шетелдегі жұмысы, күнкөрісі негізінен қызмет көрсету саласына байланысты. Әлбетте, еш мемлекет шеттен келген келімсекті мемлекеттік қызметке алмайды. Оған жалақысы жоғары қызмет те жоқ. Бұйыратыны – қызмет көрсету саласы ғана.

Мамандардың айтуынша, бұл орайдағы әр мемлекеттегі қызмет төлемінің бағамына әсер ететін бірнеше фактор бар. Олар – өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының даму деңгейі, жұмыссыздық көлемі, тұрғындардың саны мен кірісі.

Жұмыссыздық деңгейі жоғары елдердегі қызмет төлемі де төмен. Ал экономикасы дамыған елдерде ол жоғары. Қазақстандықтардың осындай елдерді таңдайтыны айтпаса да белгілі.

Көші-қон мәселесінде отандастарымыздың шетелге қоныс аударуының бір себебі де осында. Әрі ол – әлемде бар құбылыс. Мәселен, бір ғана Бразилия мемлекеті тұрғындарының 9 пайызы Мысырда үй қызметшісі болып жұмыс істейтін көрінеді.

Осының бәрі тікелей елдегі тұрмыстық-экономикалық жағдайға байланысты.

Бұл жерде маңызды рөл атқаратын тағы да бір факторды айта кетуге тиістіміз. Ол – жұмыстың бағасы, яғни еңбектің қаржылай бағалануы. Бұл орайда да алдағы күзде елге келушілер нөпірін күтіп отырған қазақ үкіметінің сауатты саясат ұстануы қажет дер едік.

Бүгінгі таңда республикадағы ықтимал көші-қонның жағдайы осындай. Ал оны ретке келтіру – аса маңызды шаруа. Жөк-жітім, ауру-сырқау, кедей-кепшік өзімізде де жетіп артылады.

Ендігі мәселе соның аражігін аша білуде.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ДЕНСАУЛЫҚ

АПТАП ЫСТЫҚ алқымнан ала бастады

Күн ыстық болып тұр. Көшеде ұзақ жүру мүмкін емес. Иә, жоғары температура, әсіресе, балалар мен қарттар және жүрек-қантамыр аурулары бар адамдар үшін қауіпті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кеше автобуста бір келіншектің жағдайы нашарлап, жолда түсіп қалды. Жанындағы серігі «жедел жәрдемге» қоңырау соғып жатты. Бәлкім, жас әйелдің әлдебір ауруы бар шығар, бірақ соған мына аптап қосылып, жағдайын қиындатып тұрған болар. Кеше көршімнің баласы да мұрны қанап, автобустан түсіп қалыпты.

Шаһарда бала-шаға субұрқақтарды жағалап жүр. Ойын баласына бұл жарасады, ал үлкендер қайтпек? Тіпті, есігіміздің алдындағы итіміздің де тілі күндегіден әрі салақтап кеткен, тірі жан болғасын ыстыққа ол да шыдамай жүр.

Дәрігер-мамандар мұндай кезеңде әркім өз денсаулығына мұқият болуға шақырады. Таңертең жұмысқа шығар алдында мүмкін болса душ қабылдау керек. Сонда адам ағзасы біршама салқындайды.

Күн ыстықта сұйықтықты, дұрысы, суды көп ішу керек. Бойдағы сұйықтық термен тез шығып кететіндіктен, оның ағзаға қажет мөлшері аптап ыстықта азайып қалады. Тек қана су емес, кантсыз шырын, итмұрын қайнатпасы, компоттар тамақты құрғатпайды.

Аптап ыстықта тамақты көп ішпеген дұрыс екен. Бірақ аш та жүрмеу керек, әр екі-үш сағат сайын жақсы тамақтанған абзал. Сондай-ақ, ішер ас та ыстық емес әрі жеңіл болғаны жөн. Қуырылған тағамдар мен



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

алкогольді (ішімдік шөлді күшейтеді), сондай-ақ қою шай, кофе, әсіресе газдалған тәтті сусындарды тұтынбаған дұрыс.

Темекі шегуден бас тартқан абзал. Себебі, ол жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын нашарлатады және қандағы оттегі айналымына кедергі келтіріп, оны қоюлата түседі.

Күн ыстықта көп қимылдап, ауыр дене еңбегімен айналысу да қауіпті. Себебі, онсыз да әлсіреп тұрған ағзаның жұмысы қиындап, жүрекке салмақ түсуі мүмкін.

Салқын затты қолға, құлақтың артына және лимфа түйіндеріне басуға болады дейді мамандар.

Аптап ыстық күні ашық аспан астында екі сағаттан артық жүрер болсаңыз, басыңыздан күн өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан ең дұрысы – күн астында ұзақ отырмау.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КҮН ӨТУ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

- бас айналу немесе талу;
- жүрек айну немесе құсу;
- бастың ауыруы;
- енгіту, жүректің жиі қағуы;
- қатты шөл қыса беру.

Осы белгілер байқалса, салқын жерде отыру және жиі су ішу керек. Егер бұл белгілер басылмайтын болса, «жедел жәрдемге» хабарласқан абзал.

МАМАН КЕҢЕСІ



Аяна ҚЫРЫҚБАЕВА,
№18 қалалық емхананың жалпы практика дәрігері:

ЖАЗДА КИІМГЕ ДЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК

Аптап ыстық күндері тар немесе тырысып тұратын киімдерді таңдамаған абзал, ең дұрысы ақшыл түсті, жеңіл, кең тұратын және ауа өткізетін матадан тігілген киімдер киген жөн. Жазда бас киім өте қажет. Ыстық кезде әсіресе бастан күн өтуден сақтану керек.

Ыстық күндердің ең қауіпті уақыты сағат 12.00-ден 16.00-ге дейін. Бұл уақытта ауа температурасы айтарлықтай көтеріледі, сондықтан бұл уақытта сыртқа шықпаған абзал.

Күн ыстықта даладан келіп, кондиционердің түбіне бірден отыра кетпеңіз. Желдеткіш көбіне тонзиллит пен ЖРВИ ауруларын тудырады. Әсіресе, адам ыстықтан салқындалатын бөлмеге кірген кезде денеде жиналған барлық тер буланып, дене температурасын төмендетеді және біз салқындатудың екі дозасын аламыз.

Көлік ішінде микроклиматты басқарудың автоматты режимін пайдалануға болмайтынын да ескертеміз. Күн ыстықта көлік жүргізушілері абай болғаны жөн. Өйткені, ауа температурасының жоғарылауы адамның назарда ұстау қабілетін нашарлатып, жылдам әрекет ету реакциясын төмендетеді. Соның салдарынан жол-көлік оқиғалары орын алуы мүмкін.




КӘСІП

Индустриялық аймақ кеңеюі мүмкін

2022 жылдың соңына дейін 4 шағын өнеркәсіптік парк іске қосылады

Жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында Алматыда 2015 жылы индустриялық аймақ ашылып, онда өнеркәсіптің басым салаларының кәсіпорындарын (машина жасау, құрылыс материалдарының өндірісі, тамақ, жеңіл, фармацевтика және химия өнеркәсібінің салалары) орналастыруға мүмкіндік жасалды.



Суретті түсірген Самат Құсайынұлов.

2,7 мың жұмыс орны құрылды

Индустриялық аймақ аумағының жалпы алаңы 490 гектарды құрайды, оның ішінде, жобалар үшін 326 га (164 га инфрақұрылымға) бөлінді. Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 233,7 га бөлінді, 7,5 мыңнан астам жұмыс орындарын құра отырып, 275,8 млрд теңгені құрайтын 69 жобасы бар 67 компания резиденттер деп танылды.

Индустриялық аймақ директоры Әлішер Сатыбалдының хабарлауына сәйкес, бүгінгі күні Алматы индустриялық аймағында жалпы сомасы 114,7 млрд теңгені құрайтын 19 жоба іске асырылды, 519,1 млрд теңгеге өнім өндірілді, 19,2 млрд теңгенің салығы төленді, 2,7 мың жұмыс орны құрылды. Әлішер Сатыбалды баспасөз туры барысында инвесторлардың жеңіл өнеркәсіпте, құрылыс индустриясында өндірістерді ашуға, атап айтқанда, құрғақ қоспаларды шығаруға мүдделі екенін атап өтті. Сонымен қатар, Әлішер Сатыбалды индустриялық аймақты тағы 200 гектарға кеңейту жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

«Инвесторлардың қызығушылығын ескере отырып, Индустриялық аймақтың аумағын 200 гектарға кеңейту туралы Үкіметке ұсыныс енгізуді жоспарлап отырмыз. Күн сайын әлеуетті резиденттермен 10-ға дейін кездесу өтеді, бұл ресейлік және еуропалық компаниялар. Ресейге қарсы санкцияларға байланысты бизнес жаңа өндіріс үшін басқа логистикалық жолдарды іздейтінін көріп отырмыз. Мұнай-химия, медицина сияқты түрлі салалардың инвесторлары, құрылыс индустриясында жұмыс істейтін, құрылыс материалдарын

өндірумен айналысатын көптеген өкілдер бар», — деді Әлішер Сатыбалды.

Ірі компаниялардан басқа мұнда ШОБ секторының кәсіпкерлері белсенді түрде тіркелуде. Алматының индустриялық аймағы шағын, бірақ өсіп келе жатқан бизнес үшін таптырмас орынға айналып отыр. Сондықтан аумақты кеңейту бағытындағы жұмыстар қазірден басталып кеткен.

«Қазір біз жаңа кәсіпорындар салуға мүмкіндік беретін бос жерлерді зерттейміз, олардың жарамдылығын қарастырып жатырмыз. Жақында біз аймақты кеңейту туралы ұсыныс енгіземіз. Қазіргі уақытта аумағы 490 га құраса, оның 80%-ы қолданыстағы аумақ», — деді Ә.Сатыбалды.

Индустриялық аймақ басшысы бос тұрған жердің 10%-ы инвесторлар үшін қолайсыз күрделі рельефке ие екенін атап өтті. Ал қалған 10% аумақта (50 га) мүдделі компаниялар тек химия, медицина және құрылыс саласындағы жобаларды орналастыра алатынын жеткізді.

Теміржол стансасы қашан салынбақ?

Баспасөз туры барысында Индустриялық аймақ директоры ондағы ең бір проблемалық нысан — «Индустриальная» теміржол станциясына да жеке тоқталды.

«Бұл нысанның құрылысы 2014 жылдан басталды. Құрылыс барысында бірқатар кемшіліктерге жол берілді, осы себепті ол ұзақ уақыт бойы пайдалануға берілмеген. Қала әкімі бұл мәселені қысқа мерзімде шешуді және көліктік бақылау талаптарына сәйкестендіруді тапсырды», — деді

Ә.Сатыбалды.

Оның мәліметінше, бұл жобаға республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге жұмсалды. Ал енді оны қалпына келтіру жұмыстарына 2022 жылдың тамыз айының ортасында кірісу жоспарланғанын атап өтті. Ал іске қосу осы жылдың қараша айына белгіленген. Бұл мақсатқа 200 млн теңге қажет болады.

Индустриялық аймақ басшысы теміржол желісінің ұзындығы 8 шақырым екенін айтты. Нысанның қуаттылығы — 1,8 млн тонна.

Одан бөлек, журналистер КМК «Investment»-тің жұмыс істеп тұрған кәсіпорнында да болды. Компанияның құрылтайшысы Кирилл Поляскийдің айтуынша, мұнда барлығы жеті өндіріс іске қосылады. Ол екі кәсіпорынның жұмыс істеп жатқанын атап өтті. 12,7 млрд теңгеге кабель өнімдерінің өндірісі іске қосылды. Мұнда жылына 20 мың шақырым кабель-өткізгіш өнімдері шығарылады. Металлургиялық кәсіпорын 11,3 млрд теңгеге жұмыс істей бастады. Бұл нысанның қуаттылығы жылына 24 мың тонна созба сымды құрайды.

«Бүгінгі таңда екі зауытқа жалпы инвестиция көлемі шамамен \$50 млн құрады. 2023 жылы полиэтиленді қайта өңдейтін мұнай-химия зауытын іске қосуды жоспарлап отырмыз», — деді Кирилл Поляский.

Сондай-ақ, ол жеті жобаны жүзеге асыру үшін инвестицияның жалпы көлемі \$100 млн-нан асатынын хабарлады.

Өнеркәсіп паркттері көбеймек

Алматыда шағын өнеркәсіптік паркттерді (ШӨП) дамыту бағдарламасы іске асырылуда. Бүгінде, қалада 2,2 млрд теңге инвестиция сомасымен жалпы алаңы 26,5 мың шаршы метрді құрайтын өндірістік аумағы бар 8 шағын өнеркәсіптік парк жұмыс істейді, 650-ден астам тұрақты жұмыс орны құрылған.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының индустриялық аймағының аумағында 1500-ден астам жұмыс орнын құра отырып, 8,1 млрд теңге инвестиция сомасына жалпы алаңы 58,8 мың шаршы метрді құрайтын 10 жаңа шағын өнеркәсіптік парктің, сондай-ақ ADS Industries және KazStroyTrade жобалары екінші кезеңдерінің құрылысы жүргізілуде.

Оның ішінде, 370 жұмыс орнын құра отырып, 1,5 млрд теңге инвестиция сомасына жалпы алаңы 15,9 мың шаршы метрді құрайтын 4 шағын өнеркәсіптік паркті (Alatau Industrial Park, QazaqPlast, ALAESTATE 2-ші жобасы және ADS Industries 2-ші кезеңі) 2022 жылы іске қосу жоспарлап отыр.

Жалпы, 2022 жылғы қаңтар-мамыр айларында Алматы қаласында 676,3 млрд теңгеге өнім өндірілді, бұл осы аралықтағы өткен жылғы көрсеткіштерден 12,7%-ға асып отыр. Ең үлкен өсім өңдеу өнеркәсібі саласында байқалады — 18,3%-ға өсу жағдайында 566,9 млрд теңгеге өнім өндірілді.

Аталмыш көрсеткіштерден металл емес минералдық өнімдерінің 26,8%-ға (27,3 млрд теңге, үлесі — 4%), металл бұйымдарының 44,7%-ға (17,2 млрд теңге, үлесі — 2,5%), жиһаздың 30%-ға (8,5 млрд теңге, үлесі — 1,3%), фармацевтикалық препараттардың 9,8%-ға (9,5 млрд теңге, үлесі — 1,4%), жеңіл өнеркәсіптің 2,4%-ға (6,6 млрд теңге, үлесі — 1%), сусындардың 2,1%-ға (27,9 млрд теңге, үлесі — 4,1%), тамақ өнімдері өндірісінің саласында 1,2%-ға (117 млрд теңге, үлесі — 17,3%) ұлғаюы байқалады.



ЖОБА

Кәсіпкерлерді оқыту жалғасады

Қазақстандық кәсіпорындар онлайн платформада 500 мың АҚШ долларын құрайтын сатылым жасады.

Бүкіл Қазақстан бойынша 40 кәсіпорын өңірдегі сауда ынтымақтастығына жәрдемдесуге бағытталған Еуропалық Одақ (ЕО) қаржыландыратын Ready4Trade Орталық Азия (R4TCA) жобасының нәтижесінде өздерінің алғашқы цифрлық сауда алаңдарын іске қосу және тұрақты сатылымға қол жеткізу бойынша оқытудан өтті.

R4TCA агенттігін іске асыратын Халықаралық сауда орталығы (ХСО) кәсіпорындарды нарықтар мен сатып алушыларды анықтау мен олардың құндылық ұсыныстарын әзірлеу, онлайн-платформаларда бейімделу, төлем және логистика жеткізушілермен байланыс орнатудан бастап, қолдау және цифрлық маркетинг қызметімен өзара іс-қимылға дейін электрондық коммерцияның процесіне бастан-аяқ үйретті.

«ЕО қаржыландыратын жоба 1,5 жыл ішінде ХСО-да оқудан өткен ұлттық жастықтырушылармен 350 жеке коуч-сессия арқылы Қазақстандағы кәсіпорындардың мүмкіндігін қолдайды және кеңейтеді. Бұл кәсіпорындар тоқайма және тігін саласынан бастап тамақ пен қолөнерге дейін әртүрлі салаларды ұсынады. Бүгінгі оқытуға қаты-



сатын кәсіпорындардың жартысынан көбін әйелдер басқаратынын атап кеткен жөн», — деді ЕО-ның Қазақстандағы өкілдігінің Ready4Trade Орталық Азия бағдарламасының менеджері Юрий Скаскевич.

Бүгінгі таңда 30 қатысушы компания бағдарламаның толық циклін аяқтады және олар бағдарламаға қосылып, өздерінің онлайн арналарын ашып немесе жетілдіргеннен бері шамамен 500 мың АҚШ долларын құрайтын онлайн-сатылымдар туралы ұжымдық түрде хабарлады. Бастама «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ

(QazTrade) және Қазақстанның қолөнершілер одағымен ынтымақтастықта жүзеге асырылды.

«Қазақстанның өркендеп келе жатқан электрондық коммерция экосистемесі Kaspi, Ozon және Alibaba сияқты сауда алаңдары бар ұлттық өндірушілер үшін көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Компаниялар өздерінің күшті жақтарын дамытқаннан кейін, олар шығармашылық секторлар мен қайта өңделген тамақ өнімдері үшін ерекше маңызды жаһандық мүмкіндіктерді зерттеуге дайын болады. Біз халықаралық

онлайн-арналар үшін үздік шешімдерді зерттей отырып, жобаның келесі кезеңінде R4TCA электрондық коммерция компонентін қолдауды жалғастырамыз», — деп қорытындылады Qaztrade Зерттеу және консалтинг департаментінің директоры Өжет Шегірбаев.

ХСО электрондық коммерция жөніндегі халықаралық сарапшысы Аннабель Сайкс Ready4Trade Орталық Азия жобасының электрондық коммерция компонентін іске асыруға жетекшілік етеді. «Халықаралық клиенттер арасында олардың бірегейлігін, құрылу тарихын және жергілікті қоғамдастықтарды қалай қолдайтынын ескере отырып, этикалық түрде жасалған қолдан жасалған бұйымдарға үлкен сұраныс бар. Біз Қазақстандағы қолөнершілермен онлайн-арналар үшін сапалы контентті қалай әзірлеу және олардың өнімдерін цифрландыру бойынша оқыту үшін жұмыс жасадық. Дегенмен, қолөнершілердің халықаралық аудиторияға қолжетімділігінде шектеулер бар, себебі қолөнерге арналған жаһандық платформалардың барлығы Орталық Азияда жұмыс істемейді. R4TCA жобасының келесі кезеңінде біз Орталық Азияда трансиекаралық онлайн сатуды дамытуға бағытталған қолөнершілерді қолдау хабын құру бойынша халықаралық серіктеспен ынтымақтастықты жоспарлап отырмыз», — деді ол.

Бетті әзірлеген
Динара МҰРАТҚЫЗЫ.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

СӘТСІЗ ТАҢДАУ

Туристік фирмаларға алданып қалмас үшін нені ескерген жөн?

Жаз басталып, жұрттың көпшілігі еңбек демалысына шығар тұста шетелде демалуға жоспар құра бастайды. Жылына бір келетін демалыста тынығып қайтатын орынды таңдау да оңай емес. «Әртүрлі туристік агенттікпен хабарласып, келісім-шартқа отырып, саяхатқа асығатындардың қарасы қалың. Дегенмен, қызмет ұсынушы туристік компанияларға келісім-шартқа отырарда ондағы жазылған мәтінді мұқият оқу керек» дейді мамандар. Шетелге ұша алмай немесе елге қайта алмай қалмас үшін заңгер Эльнура КІШКЕНЕБАЕВАНЫҢ кеңесін оқи отырыңыз.



пен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу» қызметін таңдау; – онлайн қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және ЭЦҚ-мен қол қою арқылы өтінімді жіберу қажет; – бір күн ішінде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша Жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – ХЖҚО) бос жұмыс орындарын ұсынады; – егер жұмыс табылмаса, 3 күн ішінде қашықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда қосымша ақпарат жинау үшін өтініш берушімен ХЖҚО қызметкері хабарласады).

Бұл қызметті онлайн-режимде Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы да алуға болады.

Азамат жұмыссыз ретінде тіркелген соң Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесі проактивті форматта МӘСҚ-нан төлем тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісім беру үшін ұялы телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

МӘСҚ қаражаты есебінен жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан жүзеге асырылады және жұмыссыз адам жұмыс іздеп жүрген кезеңде оны қолдауға арналған.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Электрондық еңбек биржасы арқылы Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қашықтан қызмет көрсету функциялы іске қосты. Бұл жұмыссыздарды тіркеу және жұмыспен қамтуды қолдау бойынша мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді алу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Енді барлығын тек интернет, компьютер және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен жасауға болады.

ЗАҢНАМА

43,4 мың азаматқа төлем алғаш рет тағайындалды

Жұмысынан айырылғандарға әлеуметтік төлем қалай төленеді?

1 маусымдағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) жұмысынан айырылуына байланысты 51,4 мың адамға әлеуметтік төлем төленді. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған қызметкерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем қызметкер жоғалтқан табыстың 40%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыстан босатылған қызметкерге төлем тағайындау үшін:

- eGov.kz порталында тіркелу;
- «Жұмысқа орналастыру және жұмыс-

ТЕРГЕУ

9 күдікті қамауға алынды

Оқиғаға қаңтар кезінде азаптау фактісі бойынша 15 адам күдікке ілінді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінен – 8 адам, 1 адам полиция қызметкері. Ол туралы Бас прокурордың орынбасары Әсет Шындалиев айтты. Сондай-ақ, бей-берекет кезінде қаза болғандардың толық тізімін жариялау үшін әр құрбанның өлім жағдайы анықталып бітпегенін ескертті.

«Қанды қаңтар кезінде 238 адам қаза тапты. Оның ішінде 6 адам азаптаулардан кейін өлген. Азаптау әрекеті бойынша 15 адам күдікке ілінді. Оның тоғызы қамауда отыр. Біз ол күдіктілердің бәрі кінәлі деп қазір айта алмаймыз. Қайтыс болғандардың саны белгілі. Бірақ тергеу шаралары жүріп жатыр. Адам қай жерде, қандай жағдайда өлгенін анықтау қажет», – деді ҚР Бас прокурорының орынбасары Әсет Шындалиев.

Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Өзін туристік фирманың қызметкерімін деп таныстырып, тұтынушымен келісім-шарт жасасып, «Мен сізге шетелге жолдама алып беремін. Осынша мөлшерде қаржы салсаңыз, ақшаңызды бірнеше есеге үнемдейсіз» деп алдап жатады.

Құқықтық сауатсыздықтың салдарынан алаяқтарға оңай алданып, сан соғып қалатындар көп. Мұндай жағдайда өз құқығыңызды білу аса маңызды.

- * Кез келген туристік фирма тұтынушымен алдын ала келісім-шарт жасасады. Егер ол болмаса, талап етуге толық құқығыңыз бар. 4 министрлік бекіткен арнайы үлгідегі келісім-шарт болуы керек. Қол қояр алдында туристік фирманың атауы мөрге жазылған атаумен сәйкес келгенін мұқият қадағалаңыз.
- * Алдын ала төлем жасаудан бас тартыңыз.
- * Шетелге шығу рұқсатын «борышкерлердің бірыңғай тізімінен» тексергеніңіз жөн. Егер сіздің атыңызда қандай да бір атқару өндірісі бойынша шектеу тұрса, сіз оны жолда, не кедендік бақылауда бірден түзете алмайсыз. Яғни ҚР аумағынан тыс кете алмайсыз деген сөз.
- * Келісім-шартқа отырғаннан кейін көбі құжаттың көшірмесін алуды ұмытып кетеді. Құжаттың көшірмесі және төленген төлем ақының түбіртегі міндетті түрде өзіңізде болуы керек.
- * Туристік фирманың туркоды бар-жоғын тексеру керек. Себебі, төтенше жағдай бола қалса, сіздің шетелден шығуыңыз туркодың болуына байланысты болады. Туристік код – туроператор туристке беретін, ұйымдастырылған шығу туризмі шеңберінде туроператордың міндеттемелеріне кепілдік беретін бірегей нөмір.
- * Егер сізге қызмет көрсеткен кәсіпорын алаяқ болып шықса, келісім-шарт жасасқан туристік фирма орналасқан аймақтың жергілікті полициясына арыз түсіріңіз.
- * Арыз түсіргеннен кейін ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы алаяқтық бойынша «алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену – мүлкі тәркіленіп, бір мың алты есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.
- * Өзіңізді кез келген алаяқтықтан тек Заң арқылы ғана құтқара аласыз.

АДАМ САУДАСЫ

Қатаң жаза күтіп тұр

Алматы қаласының прокуратурасы балаларды сату туралы хабарландырулар орналастырылған шетелдік интернет сайты анықтады.

Ұсыныстарды зерттеу жаңа туған балаларынан бас тартқысы келетін жас әйелдер оларды заңмен белгіленген тәртіпті бұза отырып, уәкілетті органдар мен соттың тиісті шешімінсіз «сатып алуды» ұсынады. Сонымен қатар, сайтта балаларды осылай асырап алғысы келетін адамдардың жаппай хабарландырулары бар.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 196-бабына сәйкес тауып алынған, тастанды баланың тууы ішкі істер органдарының, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, білім беру ұйымдары әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық ұйымның өтініші бойынша тауып алынған, бас тартылған немесе қалдырылған күннен бастап 7 тәуліктен кешіктірілмей тіркелуге тиіс.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңның 2-бабының 4-тармағына сәйкес қылмыс-



тық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға тыйым салынады. Осыған байланысты Алатау ауданының прокуроры сотқа сайтты заңсыз деп тану және оның Қазақстан аумағындағы қызметін тоқтату туралы өтінішпен жүгінді. Сот қадағалау органының өтінішін қанағаттандырды.

Материалдар ҚР ҚК-нің 128-бабында көзделген қылмысты жасау, яғни адам саудасы мәніне тексеру жүргізу үшін құқық қорғау органдарына жіберілді.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.



ТАЭКВОНДО

НӘТИЖЕ ЖАҚСЫ, АЛАР АСУ АЛДА

Қазақстандықтар Азия чемпионатынан сегіз медаль салынған қоржынмен қайтты.

Оңтүстік Кореяның Чхунчхон қаласында таэквондодан Азия чемпионаты аяқталды. Турнирдің соңғы күнінде қазақстандықтар тағы үш қола жеңіп алды.

63 келі салмақта өнер көрсеткен Әділет Базарбаев бірінші жекпе-жекте вьетнамдық таэквондошыны 2:0 есебімен жеңді. Екінші айналымда отандасымыз Ауғанстаннан келген спортшымен күш сынасты. Әділет бұл жолы да айқын басымдылықпен жеңіске жетті, есеп – 2:0. Өкінішке орай, шешуші кезеңге өту үшін айқаста жерлесіміз қытайлық спортшыны жеңе алмады. Осылайша Ә.Базарбаев қоржынға алтыншы медаль әкелді.

Осы күні ерлер арасындағы соңғы қазақстандық таэквондошылардың бірі болып Нұрлан Мырзабаев 80 келі салмақта бақ сынады. Ливан өкілін 2:0 есебімен жеңген жерлесіміз, жартылай финалда өзбекстандық

таэквондошыға тартысты кездесуде есе жіберді. Есеп-1:2. Бұл Қазақстан үшін Азия чемпионатындағы жетінші жүлде болды.

Қазақстан үшін құрлық біріншілігін Нұрай Құсайынова қорытындылады. 67 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен қазақстандық аталмыш жарысты бірден ширек финалдан бастады. Нұрай алғашқы кездесуде қатты қарсылық көрсеткен Филиппин спортшысын қайсар мінезі мен шындалған шеберлігі арқылы жеңе алды, есеп – 2:1. Дегенмен, отандасымыз жартылай финалда қытай өкілінен басым түсе алмады.

Айта кеткен жөн, бұған дейін Рита Бакишева (46 кг), Жасурбек Исраилов (58 кг), Ботагөз Қапанова (49 кг) және Смайыл Дүйсебай (87 кг) қола жүлдегер атанса, Жансел Дениз (74 кг) күміс медальға ие болды.

Осылайша отандық таэквондошылар Азия чемпионатынан 8 медаль қанжығалап қайтты. Чхунчхон қаласында алтын алынбағанымен, бұл таэквондодан Ұлттық құрама үшін жақсы нәтиже. Дегенмен, спортшыларымыз алдағы Әлем чемпионаты мен басқа халықаралық жарыстарда бұдан да биік шыңдарды бағындырады деп сенеміз.



ТЕННИС

РЫБАКИНА – ЭЙС ХАНШАЙЫМЫ

Отандық теннисшілер халықаралық жарыстардың бірінде мерейі үстем боп жеңіске жетсе, бірінде бабы келіспей, не бағы жанбай жарыс жолынан шығып қалуда.



Әлемнің 23-ракеткасы, қазақстандық теннисші Елена Рыбакина Ұлыбритания ашық чемпионатының бастапқы матчында америкалық Кокко Вандевегені (157 WTA нөмірі) жеңді, есеп – 7:6 (7:2), 7:5. Кездесу 1 сағат 41 минутқа созылды. Рыбакина 11 рет шабуыл жасап, бес қателік жіберсе де, брейк-пойнттағы жалғыз мүмкіндігін жүзеге асырды. Келесі кездесуінде Елена US Open–2019 чемпионы канадалық Бианка Андреескумен күреседі.

Бұған дейін Уимблдонның бірінші кезеңін әлемнің 38-ракеткасы, қазақстандық Александр Бублик сәтті аяқтаған. Ол ATP рейтингісінің 59-шы нөмірі венгриялық Мартон Фучовичті

3 сет нәтижесінде жеңді – 6:1, 6:2, 6:4. Кездесу 1 сағат 24 минутқа созылды. Бублик он брейк-пойнттың бесеуін сәтті аяқтап, жеңіске жетті. Қазақстандық теннисші ендігі кезекте серб спортшысы Душан Лайовичпен бақ сынады.

Өкінішке орай, Уимблдонның бірінші айналымында Михаил Кукушкин мен Юлия Путинцеваның жолы болмады. Әлемдік рейтингте 164-ші орында тұрған Михаил америкалық Джейсон Бруксбиге (29-шы ATP нөмірі) 3:6, 2:6, 3:6 есебімен жол берді. Сарапшылар іріктеу кезеңінде 3 кездесу өткізген Кукушкинге шаршаңқылық әсер етті деп болжайды.

Әлемнің 33-ракеткасы, қазақстандық Юлия Путинцева Ұлыбританияның ашық чемпионатының бірінші айналымында WTA рейтингінің 37-ші сағысында тұрған Ализе Корнені жеңе алмады. 1 сағат 48 минутқа созылған ойын 6:3, 7:6 (7:5) есебімен француз теннисшісінің пайдасына аяқталды.

Айта кеткен жөн, Елена Рыбакина – осы маусымдағы эйс саны бойынша әлемдік әйелдер теннисінің көшбасшысы. Теннисшінің алғашқы соккысын қарсыласы қайтара алмай, ол ұпай алып келсе, бұл ұпай – эйс болып саналады.

Қазақстанның бірінші ракеткасы 2022 жылы өткізген 31 ойында 168 эйстің авторы болған. Екінші орында – ресейлік Екатерина Александрова тұр. Ол ағымдағы маусымда 33 матч өткізіп, 160 қайтарымсыз ұпай жинаған. Үздік үштікті 38 ойында 151 эйс жинаған грекиялық Мария Саккари түйіндеді.

Ерлер құрамасының көшбасшысы Александр Бублик қазіргі уақытта әлемдегі эйс саны бойынша сегізінші орында. Оның есебінде 386 матчта 31 қайтарымсыз ұпай бар.

МЕРЕЙТОЙ



АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ТӨРЕШІ

Отандық футбол ардагері, ФИФА-ның Қазақстандағы алғашқы төрешілерінің бірі, ҚФФ инспекторы Александр Кулаков өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтуде.

Александр Кулаков футболшы ретіндегі мансабында «ФШМ» (Алматы), «Электрон» (Псков), «Спартак» (Семей), «Ревтруд» (Тамбов) сияқты командаларда қақпашы позициясында ойнаған. Спорттық мансабын аяқтағаннан кейін айтулы тұлға бүгінгі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Дене тәрбиесі

кафедрасында жұмыс істеді. Уақыт өте Александр Александровичтің ұстаздық жолы жоғары деңгейдегі төрешілік мансабына ұласады.

Бұл қызметте А.Кулаков 400-ге жуық ойында төреші ретінде қызмет етіп, сондай-ақ бірнеше маусымда ел біріншілігінің үздік төрешісі болып танылды. Оған қоса, Қазақстан футбол федерациясының төрешілік ету және инспекциялау департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

Қазір футбол әлемінде аты аңызға айналған тұлға ҚФФ Төрешілер комитетінің мүшесі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, Қазақстан чемпионатының ойындарын тексеріп, Алматы қаласы футбол федерациясының төрешілер комитетін басқарады.

БАТУТТЫҚ ГИМНАСТИКА

ЖАСТАРДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНДЫ

Қазақстандық батутистер Португалиядағы ірі халықаралық турнирге қатысты.

Данил Мұсабаев пен Пирмаммад Әлиев Португалияның Коимбра қаласында өткен батуттық гимнастикадан Әлем Кубогында өнер көрсетті. Синхронды секіруде біздің жігіттер 6-шы орынға ие болды. Ал жеке біріншілікте Данил Мұсабаев 10-шы, Пирмаммад Әлиев 24-ші орынға жайғасты.

Айта кеткен жөн, бұл турнирге әлемнің 15 елінен 25 атлет қатысқан.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

СУ СПОРТЫНАН ӘЗІРГЕ ЖҰЛДЕ ЖОҚ

Венгрия астанасы Будапештте су спорты түрлерінен әлем чемпионаты өтіп жатыр. Назарларыңызға ашық судағы қазақстандық спортшылардың нәтижелерін ұсынамыз.

Су добынан Қазақстан әйелдер командасы Канада құрамасымен кездесті. Матч 11:19 есебімен канадалық арулардың пайдасына шешілді.

Бұған дейін жарыстың алғашқы күндерінде синхрондық жүзуде Эдуард Ким мен Жаклин Якимованың микс-дуэті финалда жетінші орынға жайғасқан.

Сондай-ақ, акробатикалық команда жарыс нәтижесі бойынша сегізінші орынға тоқтады.

Ал ерлер арасындағы су добынан алдын ала раундта Қазақстан Сербиядан 3:22 есебімен ұтылды.

Айта кеткен жөн, турнир 3 шілдеге дейін жалғасады.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

«Балаусаның» балғын күйшілері



Рая
ЕСКЕНДІР

Саусағынан күй төгілген кіп-кішкентай өнерпаз балалардың домбыраны еркін меңгеріп, қос ішекті құдіреттің құлағында ойнағанын көргенде, еріксіз сүйсінесіз. Халқымыздың мұңы мен зарын, ары мен барын күй тілінде сөйлеткен домбыра қазақтың жаны мен қаны. Осынау құдіретке деген құрметі ерекше «Балаусаның» балғын күйшілерінің өнеріне бұл күні көпшілік дән риза.

«Балауса» оркестрі осыдан он бес жыл бұрын М.Дулатов атындағы мектеп-гимна-

зияның шаңырағында құрылған еді. Алғашқы күннен-ақ оқушылардың домбыраға деген қызығушылығын байқаған музыка пәнінің мұғалімі Нәзира Шапайқызы бар ынтасымен бел шеше кірісіп, білгенін үйретуге тырысқан еді. Домбыра үйренгісі келген балалардың басын құрап, үйірме жұмысын ұршықша үйіргені күні кеше сияқты еді. Алғашқыда «Кенес», «Келіншек» күйлерін тез-ақ үйреніп алған оқушылардың қызығушылығы артып, Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Тоқалардың күйлерін ойнауды бастап кетеді.

– Менің қуанатыным, күні бүгінге дейін күй сазымен көрерменін қуантып жүрген оқушыларымыздың өнері өз базасын алды. Кейде менен «бір күйді қанша уақытта үйренуге болады, домбыраны қалай меңгеріп алуға болады?» деп сұрап жатады. Бұл арада мен айтар едім, адамның бойында рух, ұлттық құндылыққа деген құрмет болуы керек. Со-сын өнерпаз оқушыларымыздың дәстүрлі өнерге деген қызығушылығы мені ерекше шабыттандырады. Ынтамен қолға алынған

жұмыстың нәтижелі болары анық қой. Әсіресе, домбыраға қызығушылығы бар, үйренгісі келетін балалардың қатары артқан сайын мен де шабыттана түсемін. Осы уақыт ішінде қаншама балаға домбыра үйреткенім есімде жоқ. Бір анығы – олардың үйренген әрбір шығармасы менің қуанышым. Ал әлгі өнерпаз балам басқа мектепке ауысып, немесе көшіп кетсе, оның өнердегі тағдыры қалай болар екен деп уайымдап қаламын. Дегенмен, ол баланың орнына дарынды басқа бала келеді. Осылай менің өнердегі өмірім өтіп жатыр. Менің ендігі арманым – шәкірттерімді үлкен сахналарға, биік белестерге шығару. Қазіргі таңда мектептегі, аудандағы іс-шаралардың барлығына біздің «Балауса» оркестрі белсенділікпен қатысып отырады, – дейді оркестр жетекшісі Нәзира Атагелдиева.

Жақында домбыра үйірмесі өзінің кезекті есеп беру кешін өткізіп, оған қаламыздың ардақты ардагерлері шақырылған еді. «Қасиетті домбырам» деп аталатын кешке биология ғылымының кандидаты Балтабай Рахымжанұлы, еңбек ардагері Райхан Тәңірбергенқызы, мектеп басшысы Талғар Талғатұлы мен оқушылардың ата-аналары қатысты. Осынау жылдар ішінде оркестр бірнеше байқаудың жеңімпазы атанып үлгерді.

«Балауса» оркестрінің ең кішкентай мүшесі Камила Мұқатованың жасы 5-те болса да, бес күй үйреніп алған. Кішкентай өнерпаз қалалық байқауда III орынды иеленіп, көрерменнің көзайымына айналған еді. Қазіргі таңда домбыра үйірмесі балалардың жасына қарай 5–8 және 9–13 жас деп екі топқа бөлінген. Оркестрде талантты жас күйшілер өте көп. Оларды даралап, бөліп-жару еш мүмкін емес. Олардың әрқайсысы «Балаусаның» Құрманғазы мен Динасы.

«Әр қазақтың төрінде домбыра ілініп, оның құлағында ойнайтын кара домалақтар көбейсін» деген ардагер қариялар батасы қабыл болғай!

КЕЗДЕСУ



ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТАДЫ

Алматыда «Домбыра – қаза-ғымның қазынасы» атты музыкалық-сазды кеш өтті.

Аталмыш іс-шараны Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана ұйымдастырды. Мәдени жиынға қонақ ретінде дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова мен ұлттық аспаптар шебері Жолаушы Тұрдығұлов шақырылған. Кеште дарынды жастарымыз күмбірлеген күйді көрермендерге тарту етті. Ұлттық аспабымыз домбыра күні елімізде биыл төртінші жыл қатарынан тойланып жатыр.

«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегендей, бүгін кітапханамызда ұлттық домбыра күніне «Домбыра – қаза-ғымның қазынасы» атты музыкалық әдеби кеш өтуде. Кешіміздің мақсаты – ел ртеңі жастардың ұлттық сана-сезімін ояту. Оларды ата-бабадан кәсіп болған дәстүрлі домбыраға қызықтыру», – деді кітапхана қызметкері Айнура Балаубаева.

«Бүгінде менің мектебімде алпыстың үстінде бала тәрбиеленіп жатыр. Олардың домбыраны ғана үйреніп қоймай, ән айтады. Сол арқылы балалардың бойындағы ұлттық рухын оянып, тәрбиілеп жастырмыз. Бұл – біздің болашақтағы жемісіміз деп ойлаймын», – деді дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова.

КИНО

«Күнбағыс» бала өмірін бейнелейді

Алматыда көптеген халықаралық кинофестивальдерде көрсетіліп, 50-ге жуық жүлдемен марапатталған «Күнбағыс» көркем фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Фильм бұған дейін 23 маусымнан бастап шектеулі прокатқа шығып, бар-жоғы бір апта ғана Алматы кино-театрларында көрсетілетін болды. Фильмді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Қазақфильм» киностудиясы «Сталкер Синема» ЖШС-мен бірлесіп түсірген.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Күнбағыс» фильмінің оқиға желісі ересек адамдардың мәселесін шешуге тырысқан, интернетке тәуелді 14 жастағы жасөспірім тәрбиелеп отырған отбасы туралы баяндайды. Көркем кинотуынды қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы суицид тақырыбын қозғайды.

«Күнбағыс» драмасы 27 халықаралық кинофестивальде түрлі номинациялар бойынша 47 сыйлықты қанжығасына байлады. Бұл дегеніміз, отандық кинематографияда бұрын-соңды болмаған жағдай.

Қазақстандық фильмдер арасында бірегей рекорд орнатқан. 5 жылға жуық түсірілген фильмнің айрықша атап өтетін сәттері жетерлік. Мәселен, кинотуынды күнбағыс алқабында ата-анасымен жүрген бақытты сәбимен бастау алып, қоғамда өз орнын жоғалтып алған бозбаламен жалғасын табады. Жасөспірім үйде де, мектепте де буллингтің барлық түрлерін бастан кешіреді. Ішкі қайшылықтарымен әуре болған ол шеттетілген адамға айналады. Пананы құмар ойындарынан табады. Осылайша компьютерлік ойындарға тәуелділігі арта бастайды.

Отандық фильм еуропалықтардың ерекше назарына түскен. Тіпті, Сербия, Эстония сынды мемлекеттердің кинотеатрларында 2 айға жуық көрсетіліп, қомақты қаржыға ие болған.

«Жақын араласатын достарымыз ұлдарынан айырылып қалды. Бұл оқиға маған қатты әсер етіп, нәтижесінде осы фильм дүниеге келді. Бұл оқиға – менің барлық ата-аналарға жолдауым, мен сияқты өз балала-

рын тәрбиелеп отырған бүкіл әлемдегі аналар мен әкелер мені түсінеді деп үміттенемін. Жасөспірім болу, ережелер қысымына қарсы тұру қиын. Біз балаларымызға жақын болып, оларды жақсы көру үшін қолдан келгенін бәрін жасауымыз керек», – деді режиссер Эля Гильман.

Киноны тамашалап отырып, көзімізге еріксіз жас келді. Баласымен аң аулауға барған әкесі Өмірдің қолына мылтықты ұстатып, сүйкімді қоянды атуға бұйрық береді. Ер балаға батылдық керек деген ұранмен баласының қалауын түсінбеген әкесі жүрегіне үлкен дақ түсіреді. Қолым қанға боялды, өзім жақсы көретін жануарды өлтірдім деп, психологиялық ауытқуға ұшырай бастайды. Артынша, ең жақыны, жанашыры болып жүрген сынып жетекшісі де анасына жактасып, са-тып кеткеніне шыдай алмайды. Осылайша барлығынан көңілі қалған балақай өзіне қол жұмсауға бел байлайды.

«Киноны тамашалап отырып, балаға керегі махаббат деген тұжырымға келдім. Отбасылы адамдарға, баласы өсіп келе жатқан ата-аналарға көруге кеңес беретін фильм. Актерлік құрам да көңілімнен шықты. Күнделікті жаңалықтардан қарап отырсақ, бала өлімі жайлы көп естиміз. Бұлай жалғаса берсе, бұған да түсіністікпен қарайтын кезге де келіп қаламыз ба деп қорқамын. Ата-аналар, балаңызға көңіліңізді аударып, оның шын мәнінде нені қалайтынын ұғынсаңыздар», – дейді Назерке Абибулла есімді көрермен.

Таспа режиссері – Эля Гильман, фильм сценарийін Расул Шыбынтай жазды. Картинадағы басты рөлді жас актер Рашид Мусин сомдады. Басты кейіпкердің анасын сербиялық актриса Слобода Мичалович сомдады.



Түсірілімге «Нюхач» хикаясы арқылы танылған Кирилл Кяро қатысты. Сонымен қатар, «Күнбағыс» фильмінде әкесінің рөлін сомдап, «Канн» кино жүлдесі бойынша Азияның үздік актері атанған Еркебұлан Дайыровтың да есепті еңбегін атап өту қажет.

«Сценарий басқа фильмдерге ұқсамайды. Жанры да, айтар ойы да бөлек. Осындай жанрдағы картинада бақ сынап көргім келді. Актерді жобалада ең бірінші сценарий, көрерменге қалдырар ойы мен айтар мағынасы қызықтырады. Әркім өзіне керегін алып, финал жасай алады. Түсініктемесі бір-ақ нәрсе: қарамасаң қатып кетеді, бақпасаң бала кетеді. Түсірілім тобын марапаттармен құттықтаймын. «Оскардың» ауылы алыс емес. Командаға әр сәт үшін алғыс айтамын. Бұл фильмге түскенім үшін мақтанамын. Керемет жұмыс», – деді Еркебұлан Дайыров «Күнбағыс» фильмінің көрсетілімінде.

Сондай-ақ, режиссердің бұл фильмді жарыққа шығаруда үкімет басындағыларға пайдалы тұстарын түсіндіріп, не үшін қажет екендігін ұғындыруына 3 жыл уақыты кеткен.

«Бізге көңіл көтеретін, коммерциялық фильмдер де қажет. Олармен қатар кинематографистер, жазушылар, суретшілер, музыканттар қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғауы қажет. Статистиканы қарадым, адам шошиды. Бұл буынға дұрыс тәрбие бере алмадық. Олардың кінәсі емес, бұл біздің міндетіміз еді. Балаларды құрбымнан ересектер ғана алып шыға алады емес пе?», – дейді режиссер Эля Гильман.

Кино неліктен «Күнбағыс» деп аталады деген ойға келдік. Бұның жауабы да осы фильмнің ішінде айтылады. Күнбағыс басқаларына қарағанда күнді сүйетін гүл. Жақсы күтім көргендіктен жеміс те береді. Балалар да қарап отырсаңыз, гүл секілді нәзік болады. Ең бірінші жылулық пен мейірімді ата-анадан күтеді. Үйдегі мейірімді көрген балдырғандар өмірдің қиындықтарына мойымайды. Қарап отырсақ, сырласатын жанашыры болмаған жасөспірімдер буллингке ұшырап, өз-өміріне қол жұмсайды. Сол себептен, әрбір ата-ана балдырғандардың сырласы да, жана-шыры да бола білуі қажет.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

Әуезов шығармашылығының халықаралық маңызы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚР ұлттық кітапханасында көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай «М.О.Әуезов шығармашылығының халықаралық маңызы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы мен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шараға әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы жетекші мамандар, Қазақстанның және шетелдің қоғам және мемлекет қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

«Жазушының тарихына үңілсек, ол мәдениеттің нағыз ордасы Семей өңірінде дүниеге келді. Ол мекенде Абай атамыз, Шәкәрім, Шоқан Уәлиханов, сосын барып М.Әуезов дүниеге келді. Осыған қарап, жазушының киелі мекенде дүниеге келгенін байқаймыз. Оның артына қалдырып кеткен шығармалары ел жадында мәңгі сақталды», – деді ақын, Қазақстанның халық жазушысы, лингвист-зерттеуші, түрколог Олжас Сүлейменов.

Конференция қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығындағы әдеби, қоғамдық-саяси

және ғылыми идеялары мен құндылықтарды зерделеу және зерттеу мақсатында ұйымдастырылды.

«Бүгінгі шарада көптеген мәселелер көтерілді. Жыл сайын М.Әуезовке арналған түрлі байқаулар ұйымдастырылады. Ол жерде көбісі жас салымдар, магистранттар қатысады. Іс-шарада «М.Әуезов ұлттың рухани жаңғыруы» атты баяндама оқыдым. Қырғызстандық әріптестерімізбен бірге жазушының Қырғызстанда орналасқан үйін жаңғыртып, музейге айналдыруды қолға алудамыз. Осы жылы көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады деп жоспарлану-

да», – дейді «М.Әуезов музей үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры Дидар Асқарұлы.

Іс-шара Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасымен бірлесе ұйымдастырылып отыр.

«Қазақ елін М.Әуезовтің 125 жылдығымен құттықтаймын! Мен қазақ тілін, тарихын оқи бастағанда ең бірінші М.Әуезовтің жазғандарымен таныстым. Алдағы уақытта жазушының рухына арнап АҚШ-та көрме ұйымдастыруды қолға алмақшымыз. Жақында ғана жазушының шығармашылығынан үзінділер келтірілген кітапты жарыққа шығардық», – деді АҚШ-тың Алматы қаласындағы Бас консулы Сэвидж Кэролайн.

Іс-шара шетелдік және басқа қалалардан келген қатысушылар үшін онлайн-офлайн форматта және Алматы қаласындағы қатысушылар үшін аралас түрде өткізілді.



Мерейтолық марка

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған мерейтойлық пошта маркасы жарыққа шықты. Алдағы уақытта қолданысқа енгізілмек.

Дизайны «Қазпошта» АҚ-мен келісілген марка енді ұлы тұлғаны тек әлем жұртшылығына танытып қана қоймайды, сонымен қатар А.Байтұрсынұлының бейнесі сан ғасырлар бойы ұрпақтар жадында сақталатын болады.

Пошта маркасы қай елді болсын, әлемге танытуда сол елдің «визиттік карточкасы» саналатыны белгілі.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ақпаратына сәйкес, аталған министрліктің 2022 жылғы 31 мамырдағы «Қазақстан Республикасы пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінің түрлері мен көлемдерін бекіту және пошта айналымына енгізу туралы» бұйрығымен 2022 жылғы 3 маусымнан пошта маркасы 2 миллион дана мөлшерінде басып шығарылып, айналымға енгізілді.

● ҚҰРМЕТ

Кәсіби мереке қарсаңында ҚР Журналистер одағы ұйымдастырған конкурстың жеңімпаздары белгілі болды. Лауреаттар мынандай номинациялар бойынша анықталды. Олар: құқықтық тақырыптағы очерктер сериясы, публицистикалық мақалалар, зерттеу мақалалар, телесюжеттер сериясы, талдау мақалалар, сараптамалық мақалалар сериясы, ел имиджін көтеретін материалдар және жедел ақпарат тарату бағдарларын қамтыды.

«Қаламы қарымды журналистика саласының майталмандарын атаулы мереке-лерімен шын жүректен құттықтаймын!» Журналистика – қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажет ететін кәсіп. Сіздер жекелеген адамдардың тағдырын да, қоғамның рухани ахуалын да жеткізетін, қоғамдық пікірді қалыптастыратын да жандарсыздар. Сіздердің дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін», – деді Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев.

Құқықтық тақырыптағы очерктер сериясы үшін журналист-заңгер Бекен Нұрахметов ҚЖО сыйлығының 2022 жылғы лауреаты атанды.

«Басқа мамандықтарда жыл сайынғы еңбегі, қарым-қабілеті еленіп, мәртебе беріліп жатады. Кәсіби мерекемізде бізді елеп-ескеріп марапат беріп жатқан Журналистер одағына алғысымды білдіремін. Журналистер қоғамда орын алған қайшылықтарды сөз етіп, олардың түйінін тарқатып, қолдау күткен жанның проблемасын шешіп, олардың көңілдеріне ізгілік ұялата-тындығын айта кеткен жөн. Қарда ізі

БАҚ өкілдері марапатталды



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



қалмаса да, қағазда аты, эфирде заты бар шығармашылық туынды жасайтын қызығы мол кәсіп иелеріне тек қана толағай табыс тілеймін», – деді журналист-заңгер Бекен Нұрахметов.

Айта кеткен жөн, биылғы «Балалар жылына» арналып жазылған не дайындалған үздік үш жұмысқа арнайы марапаттар берілді. Сондай-ақ, дәстүрлі түрде берілетін Камал Смайылов атындағы сыйлық «Қазақстан» РТРК дубляж бөліміне балалар мен жасөспірімдерге арналған мультфильмдер мен фильмдерді жоғары кәсіби деңгейде аударып, дубляж жасағаны үшін берілді.

Жас та болса бас болып журналистикаға сүбелі үлес қосқан «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі Динара Мұрат, «Вечерний Almaty» газетінің тілшісі Ақерке Мырзағали да лайықты марапаттарға ие болды.

Ал белгілі фототілші Рақымбай Ханалы атындағы сыйлық «Қазақ газеттері» сайтының редакторы Балабекұлы Досжанға үздік фотосуреттер сериясы үшін бұйырды. Қызметтік борышын өтеу кезінде көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін Бақытгүл Мәкімбай атындағы сыйлық «Бұқпа» тәуелсіз газетінің бас редакторы Смағұл Бақытқа (Ақмола облысы, Көкшетау қаласы), сонымен

қатар Әбділда Мұқашев атындағы сыйлық 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар тақырыбы бойынша журналистік зерттеулері үшін Сапарова Айнұрға («Ақ Жайық» газеті, Атырау) тапсырылды.

Барша журналистер қауымы үшін айтулы атаулы күні көп жылдан бері еліміздің медиакөністігінде еңбек етіп жүрген сала мамандарына журналистикадағы ең биік марапаттардың бірі – «Қазақстанның құрметті журналисті» атағы мен төсбелгісі табысталды. Осынау мәртебелі атаққа бұл жолы әріптестеріміз – «Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияр мен бас редактордың орынбасары Әнуарбек Әуелбек ие болды.

Қос әріптесімізді, сондай-ақ, барлық жұлделер иелерін мәртебелі марапаттарымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз.

Бетті әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ДОМБЫРАМЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР

Өнерге жақын адамның домбыра көрсе арқасы қозатыны бар. Оның қандай сиқыры бар екен? Бәлкім, бұл домбыраның домбыра екенін көрсете білген тұлғалардың әсерінен де болар. Ғұмырын домбырасыз елестетуге болмас тұлғамыздың бет-бейнесіне бір сәт үңіліп көрейікші...

Ғұлама Аристотель «Өнер біткеннің барлығы сияқты, тәрбие өнері де табиғаттың кемістігін толтыруды мақсат етеді» депті. Осы бір нақыл сөздің құдіреті бүгінде өзекті болуда. Тұтас жұртты тәрбиелеу – мінезден дер едік. Сондай жанның бірегейі – Қазақстанның Халық қаһарманы, әйгілі күйші-композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиев.

ҒҰМЫР ЖОЛЫ

Ұлтымыздың мәдениет жана-шырының балалық шағы ауылда өтті. 1925 жылы сәуірдің 1-жұлдызында Алматы маңындағы Шилікөмер елдімекенінде туып-өсті. Жасөспірім кезі Голощекиннің «Кіші Қазан» төңкерісіне тура келді. Одан 1931–1933 жылдардағы ашаршылық 1937–1938-дегі репрессияға ұласты. Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы айтпаса да түсінікті. Ол ығы өзін қамшылаудың арқасында ілгерілеп отырды. Сөйтіп жүріп Мәскеудің П.И.Чайковский атындағы консерваториясының дирижерлік факультетін бітірді. Оған ұстаздық еткен профессор Н.П.Аносов еді. Елінен жырақта жүрсе де, сабаққа өте ұқыптылықпен қарады. Ата-ананың, ағайын-туыстың атына кір келтірмеуді ойлады. Оқуын тәмамдап Алматыға оралды. 1953–1961 жылдары Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында қызмет істеді. Кейіннен 1961–1964 жылдары Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінде бас дирижер, көркемдік жетекші болды. 1964–1968 жылдары Абай атындағы опера және балет театры басқарды. 1968–1981 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыка редакциясының бас редакторы болып істеді.

Ол өнерпаздықтың ұлы дәстүрін талбойына сіңірген әкесі – Тілендінің бауырында өсті. Тәңірдің тіліндей күй сарындарын әке алдында отырып бала көкірегіне қонақтатты. Нұрғисаның анасы Салиха әйгілі Кенен ақынның қарындасы, ол кісі де төңірегін әншілігімен тәнті еткен. Сол кісінің сызылта салатын сұлу әндеріне бала Нұрғиса жан-жүрегін тербетіп өсті.

ТУМА ДАРЫН

Ел арасында «Егер адам баласы талантты болса, ол барлық жағынан талантты» дейді. Осы пайымды қазақ өнерін көкке көтерген Нұрғиса ағамызға арнап айтқандай сезіледі.

Тәңір дарытқандай көп қырлы, алуан сырлы аста-төк дарынның сыр-себебі кім-кімге де ден қойдыртса керек. Әрине, ондай сыр-себеппің негізі қашанда туған топырақ, шыққан тек, өсіп-өнген ортамен кіндіктес. Бұл ретте Нұрғисаны жарық дүниеге келген сәттен бастап-ақ әнге бөлеп, жырмен құндақтап, күймен тербеткен Жетісудың өнерпаздық дәстүрін тағдырлы себептің зоры десе жөн. Мұндайда көктей шолып болса да, Жетісудың өнер мектебіне тұғыр болған тұлғалардың атын атап, түсін түстеп өту қажет.

Бұл ретте әрине, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет, Бақтыбай, Бармақ, Үмбетәлі, Қалқа, Кенен,



Қуат, Балтағұл сияқты айыр көмей ақындар, Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөліткір сияқты отауызды, орақ тілді шешендер, Қанадан, Байсерке, Бердібек сияқты дәулескер күйшілер, Дәурен сал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек сияқты толықсып-бұлықсыған сал-серілер, Ұлбике, Әлмен, Аққүміс, Ләтіпа, Жаңылдық сияқты жезтаңдай қыз-келіншектер алдымен еске түседі. Бұлардың бәріне дерлігін домбырасыз елестету қиын! Олар қалыптастырып ұлы өнер мектебі, ұлағатты өнеге Нұрғисадай туа біткен дарынды жөргегінде тыныш жатқызуы мүмкін емес еді. Осы орайда, Нұрғисаны ақ көйлекпен туған, ақжолтай жан деуге болады.

Ол өнерпаздықтың ұлы дәстүрін талбойына сіңірген әкесі – Тілендінің бауырында өсті. Тәңірдің тіліндей күй сарындарын әке алдында отырып бала көкірегіне қонақтатты. Нұрғисаның анасы Салиха әйгілі Кенен ақынның қарындасы, ол кісі де төңірегін әншілігімен тәнті еткен. Сол кісінің сызылта салатын сұлу әндеріне бала Нұрғиса жан-жүрегін тербетіп өсті.

Мүшел жасқа толар-толмас кезінің өзінде-ақ ауылындағы қазақ пен қырғыздың, орыс пен татардың музыкалық аспаптарын тегіс қолынан өткізіп, алуан түрлі ән мен күйді күйкылқыта тартқанда ауыл-аймағы аузын ашып, көзін жұмғын болды. Есейе келе, Нұрғиса әншіліктің ақиығы Кененнен бата алып, жыр жампозы Жамбылдың сарқытын ішті. Мұның бәрі де Нұрғиса өнерпаздығының себепшісі, бастау бұлағы деуге әбден болады. Алайда, үлкен өнердің сара жолына қадам бастыртқан, тағдырдың жазуындай орайлы сәтке Нұрғиса он төрт жасында кезікті. Кезігушісі – қазақ музыкасына пайғамбардай шапағаты тиген әйгілі Ахмет Жұбанов еді. Жеті қабат жер астынан жаңа ғана бұлықшып шығып, булығы ағып, енді ғана жүлге тарта бастаған кәусар бұлақтың тегеурінін жазбай танитын қарт баған сияқты, бала Нұрғисаның бойындағы бұла дарынды дана Ахмет те бірден таниды. Таниды да, Нұрғисаны қолынан жетектеп алып келіп, қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің домбырашылар тобына қосады.

Бұл жазмыш дегенді қойсайшы, оркестр құрамындағы өңнен дәулескер домбырашылардың ішінен домбырашылықтың дүлдүлі Қали Жантілеудің оң жағынан Нұрғисаға орын тиеді. Қалидың алдын көрген күйма құлақ Нұрғиса кешікпей-ақ, бұрын күйді қызығып тартса, енді күйді құнығып тартатын болады, бұрын күйді еліріп

тартса, енді күйді елігіп тартады. Міне, осының бәрі де Нұрғиса әлеміне тапжылмас тұғыр болды, осының бәрі де Нұрғиса дарынының сарқылмас қайнар көзі еді.

Тілендіұлы Нұрғиса өзінің барша қабілет-дарынын халқының рухын асқақтатуға арнады. Бұл жолда ол халқымен етене тіл табысып, халқының сырласы да, мұңдасы да бола алды. Оның музыкасы баланың да, дананың да жүрегіне жол тауып, дүйім жұрттың рухани жан серігіне айналды. Ол атақ-даңқ іздеген жоқ, атақ-даңқ оны іздеп тапты. Қазақстан композиторларының ішінде тұңғыш рет Халық қаһарманы атағын алды. Кез келген кесек дарынның арманы күмәнсіз орындалатыны сияқты, бұған дүйім жұрт қалтқысыз көңілмен қуана қол соқты. Нұрғисаны біртуар дарын, қайталанбас тұлға ретінде көзінің тірісінде-ақ әйгілі замандастары бірауыздан мойындады. Олар Нұрғисаны мақтаған жоқ, халықтың мәдени-рухани өміріндегі құбылыс ретінде Нұрғисамен мақтанды.



ЕЛІ СҮЙГЕН ТҰЛҒА

Өз заманының алыбы болу абыройлы іс. Ал қатарлас, үзегі дос, қала берді аға ұзын мойындап жатса, нұр үстіне нұр.

Ұлтымыздың көрнекті тұлғасын суреттеп, өнері мен өр мінезіне баға бергендер аз болмаған. Сол себепті де айтылған ізгі ниет пікірлерді топтастырамыз.

- Жамбыл ЖАБАЕВ:** «Менің ием, жолбарысым Тілендінің баласы Нұрғисаға кетті. Түсімде соның алақанын жалап тұр екен. Ендігі иесі сол болар».
- Дінмұхамед ҚОНАЕВ:** «Музыка – адамзаттың әмбебап тілі ғой. Ол біздің жан-дүниемізді байытып, әсіресе, ұлттық сана-салтымызға баулитын сиқырлы күш.

Мен Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын тыңдаған сайын осындай ойға қалам».

Қанабек БАЙСЕЙІТОВ:

«Нұрғисаның тұлға бойы толған дыбыс қой, оның денесінен бір жапырақ етті үзіп алып, лақтырып тастасаң, ол екеш оған дейін бүлкілдеп, өлең айтып жатады».

Еркеғали РАХМАДИЕВ:

«Н.Тілендиев бір ғасырда бір туып, ғасырлар бойы өзінің өнерімен халқының ортасында өмір сүретін тұлға».

Жәнібек КӨРМЕНОВ:

«Сөз жоқ, Нұрғиса Тілендиев оқшау тұрған дара тұлға. Зор талант иесі. Халқымыздың ақындық, әншілік, шешендік, күйшілік, композиторлық рухы, күш-қуаты бір басында тоғысқан, жаратылысы жомарт біртуар жан».

Осы ой-толғамдардың алып-қосары жоқ, бәрі де ақиқат сөздер. Ойдың орамын әйгілі күйшінің өз сөзімен түйіндеуге болар. Ол «Кейде мен өзімді әке-шешеден тумарандай сезінем. Өйткені, халық алақанына салып, өмір бойы аялап

қолқалай түседі. Еті қызып алған, домбыраны төсіне қойып, басына шығарып, шырқ үйіріп тартады. Тыңдаушы көпшіліктің есі шығып, одан сайын үздіге түседі.

Тек әлгі шеткерірек отырған ақ сақалды қарт сол құйған мүсін сияқты қалпынан селт етер емес. Нұрғиса ағамыз болса арқаланып алған, домбырасын одан сайын бебеулетіп, одан арман безілдетіп түседі. Әлден уақытта делебесі қозған бір жас жігіт: «Нұрғиса, сіз күйді башайыңызбен тартады дейді ғой, башайыңызбен тартыңызшы!» деп өзеурейді. Ол болса сұраушыны жалындырмайды, кебісті қағып тастап, домбыраны башайымен қағады. Жұрт қыран-топан, айран-асыр, таң-тамаша.

14.50	Елена Яковлева, Владислав Ветров, Галина Звягинцева, Алексей Бардуков в фильме «НАЙДЕНЫШ 2»
18.30	«АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.30	«ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
21.25	Александр Яцко, Евгения Дмитриева, Дмитрий Чеботарев, Вера Строкова в многосерийном фильме «НЕВЕСТА ИЗ МОСКВЫ»
1.25	Ночной кинотеатр. «СЕСТРЫ»
3.00	«П@УТИНА» бағдарламасы
3.45	«ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До	5.15

7-КАНАЛ

06.00	Т/п «Куырдақ»
06.30	Т/п «Құтты қонақ»
07.00	Туған ел
09.30	Т/п «Орёл и решка»
10.30	Х/с «Лабиринт»
14.30	Реалити-шоу «Моя игра»
15.00	Т/п «Регина+1»
16.00	Т/х «Тақиясыз періште»
17.15	Т/х «Жорға»
21.00	Х/ф «Пеле. Рождение легенды»
23.00	Х/ф «Левша»
01.40	Реалити-шоу «Моя игра»
02.10	Т/х «Жорға»
05.00	Т/п «Куырдақ»

КТК

07.00	ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05	«КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.20	«ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая (худ.сериал)

07.45	«КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
08.30	«ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.40	«СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
11.00	«СУДЬБА ПО ИМЕНИ ЛЮБОВЬ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00	«ЫЗҒАРЛЫ КӨКТЕМ», өзбек фильм (худ.фильм)
17.00	«АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы
18.00	«OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00	«ӨМІР-ӨЗЕН», Ұлықпан Жолдасовтың ән-шашуы
21.00	«О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА», мелодрама. В ролях: Лянка Грыу, Евгений Олейник (худ.сериал)
00.40	«МЕЧ», криминальный детектив (повтор) (худ.сериал)
02.20	«АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-	
04.30	«КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00	Әнұран
07.05	ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Ақсу» – «Атырау»
09.05	«QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
09.50	Арнайы репортаж
10.05	ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Испания – Финляндия
12.05	«Жастарға жол ашқан жарыс». Арнайы репортаж
12.25	ВОЛЕЙБОЛ. Азия Чемпионаты. Иран – Корея. (Әйелдер U-20). Тікелей эфир
14.25	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
14.55	ВОЛЕЙБОЛ. Азия Чемпионаты. Тайпей – Өзбекстан. (Әйелдер U-20). Тікелей эфир
16.55	«PRO FOOTBALL». Маусым қорытындысы
17.25	ВОЛЕЙБОЛ. Азия Чемпионаты. Үндістан – Жапония. (Әйелдер U-20). Тікелей эфир
18.55	ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Кубогы. «Қайрат» – «Ордабасы». Тікелей эфир
21.00	ДЗЮДО. Grand Slam. Будапешт. Тікелей эфир
23.40	Арнайы репортаж
23.55	«С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 2 сезон. 3 выпуск
00.20	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
00.50	ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Нидерланды – Швеция. Прямой эфир
02.50	Әнұран

balapan BALAPAN

7.00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05	Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.40	«Супер әке» Мультхикая.
8.20	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30	«Дарын мен Айзере» ситком
8.45	Тұсаукесер! «Тәуекел» спорттық бағдарламасы
9.05	«Еге мен Гага» Мультхикая.
9.20	«Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.35	«Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.50	«Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.20	Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.45	«Зак дауыл» Мультхикая.
11.10	«Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.25	Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
11.55	Анимация. Отандық / «Күшік»
12.10	Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
12.20	«Табиғат сақшылары» ситком
12.45	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.10	Анимация. Отандық / «Алтын кілт»
13.25	«Тенбіл доп» телехикаясы
14.05	Анимация. Отандық / «Сәби»
14.40	«Мумилер өлкесі» Мультхикая.
15.00	Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.10	Тұсаукесер! «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15	Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.35	«Супер әке» Мультхикая.
16.10	«Дарын мен Айзере» ситком
16.25	«Толағай» спорттық бағдарлама
16.55	Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
17.20	«Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35	«Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55	Анимация. Отандық / «Сәби»
18.35	«Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50	«Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.20	Анимация. Отандық / «Ертемір»
19.50	Анимация. Отандық / «Жібек»
20.25	«Тенбіл доп» телехикаясы
21.05	«Қырық төрт мысық» Мультхикая.

21.30	«Табиғат сақшылары» ситком
21.55	«Зак дауыл» Мультхикая.
22.25	«Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40	«Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05	Анимация. Отандық / «Ертемір»
23.35	«Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55	«Бесік жыры» – Әнұран
0.00	Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00	«Фазилет ханым» телехикаясы
07.00	«Маша и медведь» М/ф
09.00	«Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20	«Жеті ән» жобасы
13.00	«Елге сәлем» Мейрамбек Беспаев концерті
15.10	«ДинаЗаур» телехикаясы
17.30	«Шаншар»
20.00	«Azil keshi»
21.00	«Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55	«Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.35	«Қағаз кеме» телехикаясы
01.35	«Әйгерім» Х/ф

TALIM TV TALIMTV

07.05	Семейный доктор
07.40	Тәлім History
08.10	Өнер қырандары
09.00	Қазақ спортының классикасы
09.40	Әжемнің әңгімесі
10.00	Ерлер денсаулығы
10.10	Біздің жаңау
10.30	Денсаулық сыры
11.00	«Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00	Ұлт саулығы
12.25	Ерлер денсаулығы
12.30	Ой-талқы
13.10	Сұлулықтың сыры
13.20	«Қышқыл – Мысқыл»
13.40	Қышқыл мысқыл
14.10	Емен жарқын
14.50	Сұлулықтың сыры
15.00	«Сырласайық» (Архив) – Қайталау
15.55	Ерлер денсаулығы
16.00	«Шабдалы» – Көркем фильм
18.00	Тәтті time
18.50	Денсаулық сыры
19.00	«Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.15	Саммари 100 кітап
19.35	Сырласайық
19.50	Ұлт саулығы
20.00	Идея
21.10	25-сағат
22.00	Talim Speakers
22.30	«Шымкентский вариант» – Қысқа метражды фильм
23.00	Пруст сауалнамасы
23.30	Саморазвитие с Маржан коуч



«Келінжан». Телехикая марафоны. «Хабар» арнасы. Сағат 13.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
10 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.45 Әзіл кеші
8.00 Детский киноклуб (қазақша)
9.00 Детский киноклуб
Союзмультфильм
10.30 Детский киноклуб
12.00 Әзіл кеші
13.30 Әсем әуен
15.00 Женский киноклуб
19.00 Концерт
20.00 Отандық кино
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Мұра».
Деректі фильм
7.05 «Ауылдастар»
7.30 «Күй-керуен»
8.00 «Aqsaуut»
8.25 «Зинһар»
9.10 «Әндер мен жылдар»
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы».
Балалар
14.10 «Токаштар. Жұп-жұмыр жаһан». Мультфильм (АҚШ, Канада, Қытай, 2021 ж.)
15.30 «Достығымыз жарасқан».
Концерт
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 ҚӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ.
22.20 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.15 «Әзіл әлемі»
0.15 «Arta». Сараптамалық бағдарлама
1.05 «Мұра». Деректі фильм
1.25 «Ауылдастар»
1.50 «Aqsaуut»
2.10 «Күй-керуен»
2.40 «Жәдігер»
3.00 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал.
7.00 Телехикая марафоны.
«Өз үйім 2»
9.00 Концерт. «Отаным менің» Саят Медеуов
11.00 Кино. «Мұқағали»
13.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан»
16.00 Телесериал.
18.00 Мегахит.
«Шальная карта»
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Телехикая марафоны.
«Көкжал 2»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (повтор)

09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. Асель
Садвакасова в комедии
«Келинка тоже человек 2» (повтор)
12.00 Анимационный фильм
«Семейка Адамс» (повтор)
14.00 КИНО. Дуэйн Джонсон
в фэнтезийном боевике
«Джуманджи. Новый уровень» (повтор)
16.50 КИНО. Вин Дизель в
боевике «Три икса» (повтор)
19.20 КИНО. Айс Кьюб в
боевике «Три икса 2. Новый уровень»
21.20 «Bizzin show» (қайталау)
23.20 КИНО. «Согдиана»
(қазақша, қайталау)
01.30 What's up?
02.20 «31 әзіл»
03.00 Тамаша live
03.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.20 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
7.50 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.00 «НЕВЕСТА ИЗ
МОСКВЫ».
Многосерийный фильм
Фильм «СЕСТРЫ»
13.00 Елена Яковлева,
Владислав Ветров,
Галина Звягинцева,
Алексей Бардуков в
фильме «НАЙДЕНЫШ 3»
18.20 «QAIYMAK»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Павел Майков,
Светлана Смирнова-
Марцинкевич в
многосерийном фильме
«О ЧЕМ ОНА МОЛЧИТ»
журналы
1.20 «ДЖЕНТЛЬМЕНЫ
УДАЧИ». ВСЕ ОТТЕНКИ
СЕРОГО»
2.15 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.30 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 5.20

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Куырдақ»
06.30 Т/п «Құтты қонақ»
07.30 Жұлдызым
09.00 Шоу «Музыкальная
интуиция»
10.50 Х/ф «Разумное
сомнение»
12.20 Х/ф «Левша»
15.00 Т/п «Регина+1»
16.00 Т/х «Тақиясыз періште»
16.50 Т/х «Аяла мені»
21.00 Х/с «Можешь мне
верить»
00.40 Х/ф «Разумное
сомнение»
02.10 Жұлдызым
03.40 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Куырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «УАҚЫТ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-
ХАНШАЙЫМ»,
реалити-шоу
«ЮМОРИНА»
09.20 «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ
РЕКА», мелодрама
(повтор)
11.20 (худ.сериал)

15.00 «АТАЛАР СӨЗІ»,
өзбек телехикаясы
18.00 «OZAT ОТБАСЫ»,
ток-шоу
19.00 «ЖАН АНА», Мақпал
Жүнісованың ән шашуы
21.00 «ХОТЯ БЫ КИНОДА»,
комедия. Премьера
казахстанского кино!
(худ.фильм)
23.00 «САШИНО ДЕЛО»,
остросюжетная
мелодрама. В ролях:
Елена Шилова, Михаил
Пшеничный
(худ.сериал)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек
телехикаясы (қайталау)
(худ.сериал)
04.00-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Әнұран
07.05 ФУТБОЛ. Чемпионат
Европы среди девушек
U-19. Финал
09.10 «PRO FOOTBALL».
Итоги сезона
09.40 Арнайы репортаж
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Азия
Чемпионаты. (Әйелдер
U-20). Тікелей эфир
11.55 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
шолуы
12.25 ВОЛЕЙБОЛ. Азия
Чемпионаты. (Әйелдер
U-20). Тікелей эфир
14.25 «PRO FOOTBALL».
Маусым қорытындысы
14.55 ВОЛЕЙБОЛ. Азия
Чемпионаты. (Әйелдер
U-20). Тікелей эфир
16.55 «Боз кілемге барын
салған». А.Кебіспаев.
Деректі фильм
17.25 ВОЛЕЙБОЛ. Азия
Чемпионаты. (Әйелдер
U-20). Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. Қазақстан
Кубогы. «Каспий» –
«Қызыл-Жар СК».
Тікелей эфир
21.00 ДЗЮДО. Grand Slam.
Будапешт. Тікелей эфир
23.30 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
00.00 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
2 сезон. 4 выпуск
00.25 «Жастарға жол ашқан
жарыс». Арнайы
репортаж
00.50 ФУТБОЛ. Чемпионат
Европы среди женщин.
Франция – Италия.
Прямой эфир
02.50 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»

8.30 «Дарын мен Айзере»
ситком
8.45 Тұсаукесер! «Тәуекел»
спорттық бағдарламасы
9.05 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
9.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
9.35 «Көңілді жексенбі»
отбасылық сайысы
9.50 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
10.20 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.45 «Зак дауыл»
Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-
сауықтық бағдарламасы
11.25 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген Күнекей»
11.55 Анимация. Отандық /
«Күшік»
12.10 Анимация. Отандық /
«Батыл ұшқыштар»
12.20 «Табиғат сақшылары»
ситком
12.45 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Алтын кілт»
13.25 «Тентек» телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық /
«Томпи»
14.05 Анимация. Отандық /
«Сәби»
14.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
15.10 Тұсаукесер! «Ежелгі
қалаларға саяхат»
ақпараттық-танымдық
бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
15.35 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Дарын мен Айзере»
ситком
16.25 «Толағай» спорттық
бағдарлама
16.55 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
17.20 «Қонжық Расмус»
Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-
сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық /
«Сәби»
18.35 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
18.50 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
19.50 Анимация. Отандық /
«Ержүрек сақшылар»
20.25 «Тентек» телехикаясы
20.55 Анимация. Отандық /
«Томпи»
21.05 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
21.30 «Табиғат сақшылары»
ситком
21.55 «Зак дауыл»
Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.

23.05 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
23.35 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
М/ф
09.30 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
11.30 «Айнұрдың арманы»
телехикаясы
14.00 «Алдараспан»
18.00 «Ғашық жүрек или
коктейль для звезды»
Х/ф
20.00 «SarapTimes»
апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Қара ниет» түрік
телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат»
үнді телехикаясы
23.35 «Ғашық жүрек или
коктейль для звезды 2»
Х/ф
01.10 «Өрмек»
телехикаясы
03.10 «AZIL Keshi»

TALIMTV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар.
Алтын қор
10.00 Ерлер денсаулығы
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» –
Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.25 Ерлер денсаулығы
12.30 Рухани байлық
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 Тәлім trend
(Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық»
(Архив) –
Қайталау
15.55 Ерлер денсаулығы
16.00 «Капля добра
в пустыне-1» –
Документальный
фильм
17.00 «Капля добра
в пустыне-2» –
Документальный фильм
18.00 Өнер қырандары
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 По душам
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style





ШУАҚ



БАҚЫТ КІЛТІ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Соңғы кездері бақытты елдер туралы жиі айтылып, жиірек жазылып жүр. Ал сіз Бақыт деген министрлік барын білесіз бе? Мұндай министрлік алдымен Бутанда, сосын Үндістанда құрылған екен. Кейін Оңтүстік Америка мемлекеттері де осы үрдісті қолға алған. Сонда «Бақыт министрлігі» немен айналысады?

Бутандықтар «бақыт» деп – адамның материалдық, моральдық тұрғыдан толық қанағаттануын, әрбір адамның бойындағы дарынын қолдау деп ұғатын көрінеді. Бутанда ресми ішкі жалпы өнімнің өзін «жалпы ұлттық бақыт» деп атайды деседі. Бақыт министрлігінің әрбір іс-әрекеті ел Конституциясының 9 бабында қарастырылған. Бұл баптар министрліктің түрлі әрекеттерге байланысты құқықтары мен міндеттерін бекіткен.

Ал халық санағы кезінде ел арасында жүргізілетін сауалнамада әрбір адамның қаншалықты бақытты екендігі және соған жету үшін не қажеттігі сұралады.

Бутан ұзақ жылдар бойы сыртқы әлемнен оқшау қалып қойған ел. Үндістан мен Қытайдың ортасындағы Гималай тауларында орналасқан. 1971 жылы БҰҰ-ға мүше болғанға дейін елге басқа мемлекет азаматтарына кіруге рұқсат етілмеген. Бұл елде теледидариенің өзі 2002 жылы пайда болыпты. Соған қарап интернеттің де бертіңде ғана келгенін бағамдау қиын емес. Мұндай оқшаулану елдің түрлі сыртқы ықпалды әрекеттерден сақтана отырып, мәдени және діни дәстүрлерін сақтап қалуына ықпал еткен.

Бутанның тәжірибесін Үндістан да қолдап, бірнеше штатында осындай министрліктер құрыпты. Мұндағы Бақыт министрліктері йогамен айналысу, өнер курстарын ашу, тіпті, егде жастағы адамдардың діни орындарға барып, мінезат етуін ұйымдастыру сияқты 70-тен астам әлеуметтік бағдарламаларды іске асыратын көрінеді.

Англия да осы үлгілерді қолдайтынын білдірген. Олар өз қоғамында қараусыз жалғыз қалатын қарияларының болатынын жасырмайды. Басында баспанасы бола тұра, жалғыз тұратындықтан, жүріп-тұруы қиын қарттар келген адамдарға есік ашуға да жарамай, демі үзіліп кететін жағдайлар аз емес көрінеді. Британия өкіметінің «Жалғыздық істері министрлігін» ашқаны да сондықтан болар. Әлгіндей қарттардың өзіне күтуші жалдауға мүмкіншілігі бар деседі. Бірақ көп жағдайда сырт адамдарға сенбейтін күдікшіл көңілдері кедергі келтіріп жататын сыңайлы.

Тізімде Қазақстан да бар

Біріккен Ұлттар ұйымы 2012 жылдан бері жыл сайын бақытты елдер рейтингісін жасап келеді. Ал бақытты елдердің рейтингісін жасаудың да белгіленген өлшемдері бар.

Бақытты болудың ең алғашқы өлшемі – елдің әл-ауқаты. Сосын халықтың өмір сүру ұзақтығы, әлеуметтік көмек, сыбайлас жемқорлық, өмірлік маңызды шешімдер қабылдаудағы еркіндік дәрежесі, ішкі өнімнің тұрғындарға қолайлылығы және т.б.

Айтпақшы, «бақытты елдер» тізімін жасауда зерттеу

жүргізген ғалымдар алпауыт деген Америка тұрғындарының өзін бақытты санамапты. Жоқшылықтан емес, әрине. Мұндағы тұрғындардың күйзеліске жиі түсетіндігі де есепке алынған екен. Мәселен, құмар ойындарына, есірткіге тәуелді болудың соңы да бақытсыздық тұңғығына батырады деген тұжырым жасаған.

БҰҰ-ның «World Happiness Report» деп аталатын тізімінде Қазақстан да бар. Біз 146 мемлекеттің ішінде бақытты елдер бойынша 40-орынға тұрақтап тұрмыз. Ал ең бақытты ел – Финляндия.

Еліміз соңғы екі жыл ішінде 50-орыннан 10 тармаққа көтерілген. Ал Финляндия осымен бес жыл қатарынан әлемдегі ең бақытты ел ретінде танылып отыр.

Алдыңғы бестікке Дания, Исландия, Швейцария және Нидерланды кірген. Одан кейінгі орындарда – Люксембург, Израиль, Швеция, Жаңа Зеландия және Норвегия елдері.

КСРО елдері бойынша Литва – 34, Эстония – 36, Латвия – 42, Өзбекстан – 53, Қырғызстан – 64, Белоруссия – 65, Ресей – 80-ші орында. Ал тізімнің ең артында ашқұрсақ Ауғанстан тұр.

Бай мен кедей деп бөлінбейді

Фин елі бақытының құпиясы оның барынша қарапайымдылығында деседі. Бұл мемлекетте бай мен кедей дейтіндей әлеуметтік теңсіздік жоқ көрінеді. Финдіктердің бай мен кедейін киген киімі, тұрған үйі немесе астына мінген темір тұлпарынан ажырату мүмкін емес дейді. Ақшаға көмілген миллиардер ұстазының өзі қарапайым мектепте сабақ бере береді екен.

Бұл елде балаға білім беруді рейтинг арқылы бағалау маңызды емес. Ең бастысы, жас ұрпақты шаршатып алмай, ілім-білімге қызықтыра білу. Бастауыш сынып мұғалімі мамандығына конкурстан ең жоғары балл жинаса ғана түсе алады. Олар баланы кішкентайынан өмірге бейімдеп, қабілет-қарымына қарай мамандық таңдауға бейімдейді.

Елде заң қатал, сыбайлас жемқорлық жоқ көрінеді. Финляндия – тұрмыстық қалдықтардың 90%-ын қайта өңдеп кәдеге жарататын бірден-бір мемлекет. Сондай-ақ, мұндағы энергия көздерінің басым бөлігі баламалы қуат көздерінен. Нәтижесінде бұл ел нағыз таза экология қалыптастыра білген таза мемлекет ретінде бағаланады.

БІР ПІКІР

Айдана ЖАНДОСҚЫЗЫ,
қала тұрғыны:

– «Бақыт министрлігі» дейсіз бе, құрылсын, артық емес. Аты да әдемі, бақыт! Елдің көкейкесті мәселесін тыңдайтын және шешім қабылдама алатын құзырлы орын болса деймін. Сыбайлас жемқорлық, тамыр-таныстық арқылы мәселесін шешу жағдайы тыйылар, бәлкім.

Қазір қоғамда масыл аналар да, масыл әкелер де көбейіп барады. Солардың көзін ашу үшін жалпы ұлттық құндылықтарға басымдық беретін жаңа министрлік болса жаман ба?!

МӨЛТЕК СЫР

Естен кетпес сәт

Коронавирус індеті әлемге тосыннан келген ауыр соққы болды. Экономикасы қуатты ірі державалар да, қарапайым адамдар да көзге көрінбейтін, қолмен ұсталмайтын жаудан абдырап қалды. Әлем алпауыттары шешімін таппай жатқанда, біз, студенттер қайдан дайын болайық? Басшылықтың айтуымен чемоданымызды жинап, жатақханадан ауыл-ауылымызға тарадық. Бастапқы кезде бәрі реттеліп, университетке жылдам ораламыз деген үмітпен жүрдік. Алайда, уақыт өткен сайын, вирус қаупі өрши берді. Елімізде төтенше жағдай жарияланып, дүкенге де себепсіз шыға алмайтын болдық.



Досбол
АТАЖАН

Не сабақ, не жұмыс жоқ. Төрт қабырғаға қамалып, телефонға телміру мезі қылды. Өзіме жаңа ермек іздедім. Уақытымды тиімді пайдаланғым келді. Сөйтіп, өлең жаттап, кітап оқи бастадым. Өзім үшін спорттық марафон ұйымдастырдым. Алайда, карантин уақытында мен үшін уақыт өткізудің ең ерекше жолы медитация болды. Бұл рухани жаттығумен айналысуды досымның айтуымен бастап, ары қарай өзім де күнделікті жасайтын болдым.

Құлаққаптан «көзінді жұмып, терең дем ал» деген нәзік дауыс естілді (медитация жасауға телефонымадағы қосымша көмектеседі). Әрбір сөзді ерекше бір леппен таза айтатын жұмсақ үнге елжіреп, диктордың айтқанын орындауға кірістім. Көзімді жұмып, иығымды босатып, келесі нұсқауды күтіп отырмын. Бірнеше секунд үнсіздіктен кейін «есіңнен кетпейтін ең бақытты күніңді көз алдыға елестетіп көр» деп бағанағы үн бұйыра тіл қатты. Мен кідіріп қалдым.

Бірақ сәлден соң диктордың айтқанындай-ақ есімнен кетпейтін ең бақытты сәтімді еске алып, көз алдыма елестетіп тұрдым. Мүмкін бір-екі жыл бұрын маған дәл осы сұрақ қойылса, ойым сан-саққа кетіп, не жауап берерімді білмей қалар едім. Не болмаса, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасаған ата-бабаларымыздай шулата тойлаған мектеп бітіру кеші секілді естеліктердің бірін айтар едім. Бірақ дәл осы сәтте менің жалғыз ғана жауабым болды. Ол не дейсіз ғой? Менің есімнен кетпейтін ең бақытты күнімде ешқандай отырыс та, отшашу да жоқ. Ол ең қарапайым күн. Дәлірек айтқанда, ең қарапайым күндерімнің жинақы образы. Төрт көзіміз түгел дастархан басында отбасымызбен отырған сәт көз алдыма келе қойды. Үйдің іші жарық. Ерекше бір жылу бар.

Әкем мен анам әңгімелерін айтып, күлімсірей шәй ішуде. Иә, естен кетпес күн үшін шытырман оқиға жетіспейтін шығар. Бірақ дәл осы сәт, дәл осы бейне менің есімнен кетпейді. Отбасы әрқашан ыстық мекен болып қала бермек.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

ӨЗ ҮЙІМЕ ӨЗІМ АҚША ЖИНАЙМЫН

Кім де болса, өз үйінің, жеке баспанасының болғанын қалайды. Бірақ қазіргі нарықтық заманда үй сатып алуға ақша жинау оңай емес. Өйткені, жалақысын күнделікті тұрмысына зорға жеткізетін жұрттың көкейінде «қаржыны қалай жинаймын?», «ең болмағанда алғашқы жарнаға ақша жинауға қанша уақыт керек?» деген сұрақтардың тұратыны заңдылық. Мұндайда сарапшылардың кеңесінен гөрі үй алуға өздігінен қаржы жинаған қарапайым адамдардың оқиғасы көп адамды ынталандырады. Осындай оқиғаларға сүйене отырып, бірнеше лайфхактар ұсынуды жөн көрдік.

АҚША ЖИНАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Өз пәтерінді алуға жасалған алғашқы қадам депозит ашу немесе ақшаны үнмедеу үшін шай-пайдан бас тарту емес, ең маңыздысы – қалайда өз үйімді сатып алуға ақша жинаймын деген шешімді қабылдау. Бұл шешімді кейін айнып қалмайтындай «жеті рет өлшеп, бір рет кесіп» қабылдау керек. Өйткені, көбіміз пәтерге ақша жинау керек екенін білеміз, бірақ дәл қазір қолайсыз уақыт секілді, ақшаны жинауға көкейде бір сенімсіздік бардай қиналамыз. Бұған себеп бізді «өзімді ақшадан қалай шектеймін», «сонша уақыт ақша жинағанда үйге жеткізе алмасам қайтемін», «ақшаны өзімнен аяп жүргенде өмірім өте шығады» деген секілді ой мазалайды. Сондықтан өзіңнің қандай мақсатқа қанша ақша жинау керек екенін нақты білген абзал. Белгісіздік адамды адастырады. Ол үшін баспана нарығын зерттеп, шама жетеді-ау деген бағадағы пәтерді көздеген жөн.

ҚЫМБАТҚА ҰРЫНБАҢЫЗ...

Қалаған пәтерге немесе армандағы үйге бірден қол жеткізу мүмкін емес. Өйткені, қазіргі кезде нарықта үй бағасы күн санап өсуде. Сондықтан үй алуды жоспарлаған кезде, ең алдымен, қалта көтеретіндей бағадағыларын қарастырған жөн. Айталық, қаланың ортасынан бір бөлмелі пәтерді қымбатқа алғанша, шағын немесе шеткері аудандардан іздеп көруге болады. Бір бөлмелі пәтердің ауданы 40–45 шаршы метр болғаны жақсы, мұндай пәтерге жөндеу жұмыстарын жүргізу де арзанға түседі.

Арманыңдағы пәтерге қадамды асықпай анық басқанда, бірден үлкенге, қымбатқа жүгірмей, шағыннан бастағанда ғана жетуге мүмкіндік зор. Өйткені, әдетте алғашқы пәтерді көбіміз уақытша сатып аламыз. Бірінші үйді алғаннан кейін оны кеңейтуге, одан да жайлырақ үйге көшуге деген қалауымыз алға қарай ынталандыра түседі. Пәтер жалдап, тапқан табысымызбен өзгенің қалтасын қомпайтқанша,



сайынғы табыстың 20 пайызын үй алу үшін жинауға кеңес береді. Алайда, біз тілдескен қалалықтардың айтуынша, табыстың 20 пайызын ғана жинау аз уақытта үй алуға жетпейді, олар шама келгенше табыстың 40–50 пайызын жинау керек дейді.

Айталық, жас отбасының ай сайынғы табысы 400 000 теңге делік. Оның жартысы пәтеракысын төлеуге, тамаққа жұмсалады, 120 000 теңгесі басқа да қажеттіліктерге, 80 000 теңгесі үй алуға жиналады делік. Егер 20 пайыздан жинаса, жылына небәрі 980 мың жиналады екен, ал 40 пайыздан жинаса 2 млн-дай жиналып қалады. Бұл алғашқы жарнаға жетіп қалуы мүмкін.

– Біз үй алу үшін ай сайын табысымыздың 50–60 пайызын жинауға тырыстық. Барлық шығындарымызды азайттық. Алатын пәтеріміздің құнын шамалап, бір жылда алғашқы жарнаны, яғни үй бағасының 20 пайызын жинадық. «7-20-25» бағдарламасы бойынша пәтер сатып алдық, – дейді Қайрат пен Әлия Құдайбергеновтер отбасы.

Көп адамдар ақшаны қайда сақтауға бас қатырып жатады. Ақшаны үйде сақтау қауіпті және ешқандай пайда жоқ, картада сақтасаң, кез келген уақытта жұмсалып кетеді. «Отбасы банкте» депозиттің пайызы аз, бірақ төмен бағада үй алуға мүмкіндік бар, басқа коммерциялық банктерде депозиттің пайызы жоғары болғанымен, ипотекалық несиесі қымбат. Сондықтан әркім өз мүмкіндігіне қарай банктердің шарттарын салыстыра отырып, ақшаны тиімді жолмен жинағаны абзал. Сондай-ақ, банктердің ең тиімді деген ипотекалық бағдарламаларын қадағалап, шарттарымен танысып отыру керек.

АҚША ЖЕЛГЕ ҰШПАСЫН ДЕСЕК...

Тапқан табыстың берекесі болсын десек, несиелерден құтылып, жаңасын алмауға ұмтылған жөн. Қарыз қаржылық жағдайды жақсартпайды. Пәтер жалдауға көп ақша жұмсамай, лажды болса, ата-анаман, туыстармен бірге уақытша тұрудың жолын қарастыруға болады. Ондай мүмкіндік болмаса, шеткі аудандардан арзанырақ пәтер жалдауға тырысыңыз.

● ТҮЙІН:

Сонымен зерттеуіміздің нәтижесіне көз жүгіртейік:

Ипотеканың алғашқы жарнасына қаржы жинау уақыты орта есеппен – 2,5 жыл (ең азы – 1 жыл, ең көбі – 4 жыл). Ипотекасыз үй алуға ақша жинаудың орташа мерзімі – 6 жыл. Ең бастысы – төзім, айқын мақсатқа деген нақты қадам. Егер жоғарыдағы кеңестерді бұлжытпай орындасаңыз, алдағы 2-3 жылда міндетті түрде өз пәтеріңізге қол жеткізесіз.

Бетті әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



Содан кейін бірнеше жылда өз пәтеріңізге көшіп, орналасып жатқаныңызды көзіңізге елестетіңіз. Бұл өте жақсы жұмыс істейтін мотивациялық әдіс.

– Жолдасым екеуіміз отбасын құрғаннан кейін 3 жылдай пәтер жалдап тұрдық. Өз үйімізге ақша жинауды әне-міне бастаймыз деп жүргенімізге де біраз уақыт өте шықты. Бірде өзіміз тұрып жатқан ауданда шағын, өте ыңғайлы пәтер сатылатынын байқап қалдық. Тура осы үйді қатты алғымыз келді. Бірақ жинаған ақшамыз болмады. Осы үйге қызығып жүргенімізді туыстарымыз да, достарымыз да естіді. Бәрі қолдау білдірді. Жақындарымыздың қолдауын сезінгеннен кейін бе, жұмысымыз да жақсы жүріп, үй алуға ынталана түстік. Біздің үй алуға деген қалауымызды білген соң, әжем «Отбасы» банкіндегі депозитін бізге сыйға тартты. Бір жылдай үзбей ақша жинап, көп ұзамай алғашқы баспанамызды ипотекаға алдық. Түсінгенім, неге қол жеткізгің келсе, соны қатты қалап, ниеттену керек екен, – дейді алматылық Айгүл есімді оқырманымыз.

шағын болса да өз пәтерінде тұрып, оны кеңейтуге қадам жасау әлдеқайда тиімдірек. Көптеген жас отбасылар алғашқы үйін алған соң 3–5 жылда жаңа пәтерге көшіп жатады.

– Әу баста мен қаланың шеткі аудандарының бірінен 1 бөлмелі пәтер алдым. Мүлде жөндеу көрмеген, ескілеу, нашарлау болды. Кейіннен шама-шарқымыша жөндеу жұмыстарын жүргіздім, көрер көзге пәтерім тәп-тәуір болып шыға келді. Сөйтіп, арада біраз уақыт өткенде пәтер бағасы да әжептәуір көтерілді. Сол аралықта біраз ақша жинап, пәтерімді сатып, орталыққа жақындау жерден кеңдеу, жақсырақ үй алдым, – дейді тағы бір оқырманымыз Саят.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖОСПАР ҚҰРЫҢЫЗ

- Қандай үй алам және қаншаға;
- Қандай мерзімге;
- Қаншадан жинаймын;
- Ақшаны қайда сақтаймын.

Қаржы мамандары ең болмағанда ай

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ		
Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы №143 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 27 маусымында №28605 болып енгізілді.		
2022 жылғы 20 маусым	ШЕШІМ	№143
«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне өзгеріс енгізу туралы		
Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ: 1. «Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.		
Алматы қаласы мәслихатының хатшысы С.КАНКУРОВ		
Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы №143 шешіміне қосымша		
Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне қосымша		

р/с №	Аурулардың атауы	Дәрілік заттардың, арнайы емдік өнімдердің, медициналық бұйымдардың атауы
1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар		
1)	Өкпе гипертензиясы	«Силденафил»
2)	Муковисцидоз	«Тобрамицин» «Нутриэн»
3)	Буллездік эпидермолиз	«Судокрем» «Солкосерил» «Бепантен» «Офломелід офлоксацин» «Октексисент»
4)	Вегенера Гранулематозы	«Ритуксимаб»
5)	Қысқа ішек синдромы	«Смофкабивен Орталық» «Солувит Н» «Виталинид Н» «Адамель Н» Стерофундин изотоникалық инфузияға арналған ерітінді «ТауролокНер 100» «Тауролок-Урокиназа 25.000»
6)	Бехчет ауруы, Анкилозды спондилоартрит, «Анкилозды спондилит»	«Инфликсимаб» «Секукинумаб»
7)	Фабри ауруы	«Алгасидаза бета»
8)	Ювенилды артрит	«Тоцилизумаб» «Адалимумаб»
9)	Ревматоидты артрит, анкилозды спондилоартрит	«Этанерцепт»
10)	OVERLAP синдромы, ревматоидты артрит көріністерімен дөкекер тіннің біріктіру айқас ауруы, жүйелік склеродерма және жүйелі қызыл жегі	«Бозентан»
11)	Фибрилляция және атриальды діріл	«Ривароксабан»
12)	Остеоартроз	«Эндопротез» (имплант)
13)	Жүйелі қызыл жегі	«Белимумаб» «Ритуксимаб»
14)	Созылмалы тромбозмболиялық өкпе гипертензиясы	«Риоцигуат»
15)	Көп миелома	«Даратумумаб»
16)	Балалардың церебралды сал ауруы	«а-гемоглотенин типті ботулиндік токсин кешені» (диспорт)
17)	Перинаталдық кезеңде пайда болған бронхопальмональды дисплазия	«Паливизумаб»
18)	Жүйелік склеродерма	«Траклир» «Виагра»
19)	Дошени бұлшықет дистрофиясы	«Этеплирсен» «Дефлазакорт» «Голодирсен»
20)	Жұлын бұлшықет атрофиясы	«Нусинерсен» «Рисдиплам»
21)	Жалпыланған остеопороз	«Терипаратид»
22)	Өкпе обыры	«Алектиниб»
23)	І типті қант диабеті	«Инсулин Гларгин» (Лантус Соло Стар)
24)	Өңештің қатерлі ісігі	«Пембролизумаб»
25)	Симптоматикалық эпилепсия	«Клобазам» «Вигабатрин» «Лакосамид» «Клоназепам» «Сультнам» «Этосуксимид» «Руфинамид» «Мидазолам» «Перампанел» «Тетраказатид»
26)	Мүшелер мен ұлпалар трансплантациядан кейінгі жағдай	«Эверолимус» «Экулизумаб»
27)	Шашыраңқы склероз	«Диметилфумарат»
28)	Шашыраңқы склероз (белсенділігі жоғары склероз)	«Кладрибин»
29)	Өкпе артериялық гипертензиясы	«Селексипаг»
30)	Өкпенің жоғарғы бөлігінің орталық қатерлі ісігі	«Пембролизумаб»
31)	Идиопатиялық өкпе гипертензиясы	«Маштитентан» «Траклир»
32)	Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі	«Физионил 40 глюкозамен»
33)	Фенилкетонурия	«Сапроптерин»
34)	Қимылдай алмайтын адамның синдромы	«Адамның қалыпты иммуноглобулинi»
35)	Ойықжаралы колит	«Адалимумаб»
36)	Жүрек жеткіліксіздігі бар гипертониялық жүрек ауруы	«Нингеданиб»

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

СОТТЫЛЫҚТЫҢ БОЛУЫ НЕМЕСЕ БОЛМАУЫ ТУРАЛЫ АҢЫҚТАМАНЫ ОНЛАЙН ТҮРДЕ АЛУ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармасымен «Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтаманы алуға» онлайн-режимінде, www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады, яғни онлайн, үйден шықпай-ақ, «Электрондық үкімет» порталының мобильдік азаматтар базасында тіркеле отырып, тек электронды-сандық қолтаңбаны ғана қолданып алуына мүмкіндік берілді.

Мысалы, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беруді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) филиалына бармай, яғни бір реттік SMS пароль сервисі арқылы, Telegram-бот мессенджеріне EgovKzBot, «Электрондық үкімет» порталының мобильді нұсқасын іске қосып тапсырыс беруге болады.

Бұл қызметтер үшінші тұлғаларға «Жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы оған қатысты мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісім-шартымен «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық нысанда ғана көрсетіледі.

Сонымен қатар, бұл жерде еңбек заңнамасына сәйкес білім беру, спорт және т.б. салаларында көмелетке толмағандардың қатысуымен жұмысқа орналасуға бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарға шектеу қойылғанын ескертуге қажет.

Осыған байланысты осы салалардағы жұмыс берушілер адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту фактісін тексеру үшін белгіленген тәртіппен жіберу тиіс. Құжаттарды қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру «электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Сотталғандығы немесе сотталмағандығы туралы анықтама қағаз түрінде «фирмалық бланк» деп аталатын қатаң есептілік бланкісінде мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы азаматтардың шетелге шығуы кезінде ғана беріледі. Сондай-ақ, азаматтар шетелге шығу үшін соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтамаға электрондық сұрау сала алады, мемлекеттік корпорацияның қағаз түрінде жауап алғысы келетін филиалының мекенжайын таңдау арқылы анықтамаға тапсырыс беріледі.

Бұрын сұрау салуды міндетті түрде Мемлекетік корпорацияға беру арқылы қағаз нұсқасында ғана жіберуге болатын.

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79.89-баптарының тәртібінде соттылықтың өтелуін ескере отырып беріледі, яғни оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе соттылығы жойылған немесе алынған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазуы бар таза анықтамалар алады.

«Прокуратура» органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға априориль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылған, мемлекеттік корпорация арқылы қағаз нысанда 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Барлық қызметтер тегін болып табылады, априорильден басқа, оны көрсету үшін 0.5 АЕК көлемінде мемлекеттік баж алынады.

Барлық көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет беруші Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары болып табылады.

37)	Фиброз белгілері бар өкпенің интерстициалды ауруы	«Пирфенидон»
38)	Өкпенің араласуы бар полиартрит	«Мабтера»
39)	Созылмалы В-жасушалы лимфоцитарлы лейкоз	«Мабтера»
40)	Гепатоцеллюлярлық карцинома	Атезолизумаб»
41)	Спастикалық церебральды сал ауруы	«Баклофен»
42)	Тұқым қуалайтын ангионевротикалық ісіну	«Ингибитор C1-эстеразы человеческий»
43)	Кеңейтілген кардиомиопатия	«Валсартан+Сакубитрил» «Эплеренон»
44)	Мисатения	«Сандиммун неорал»
45)	Е 88.8 айырбастаудың басқа нақтыланған бұзушылықтары, қышқыл липаза тапшылығы, кеш нысаны. Холстерин эфирлерінің жинақталу ауруы	«Себелипаза альфа»
2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі арнайы емдік өнімдер		
1)	Целиакия	«Үн қоспасы» «Макарон өнімдері» «Кондитерлік өнімдер»
2)	Муковисцидоз	«Залалсыздандырылған нутриэн стандарты» «Нутризи Энергия» «Нутризи Стандарт» «Клинугрен, Юниор ұнтақ» «Педиашур, Здоровейка»
3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық бұйымдар		
1)	Буллездік эпидермолиз	«Салфеткалар» «Таңғыш» «Бинт»
2)	Қысқа ішек синдромы	«Дискофикс С» үш жүрісті кранымен IntrafixSafe SetLuerLock инфузиялық желісі. 180 сантиметр REF 4063006 (Б. Браун). IntrafixSafe SetLuerLock инфузиялық желісі «Дискофикс С» үш жүрісті кранымен 230 сантиметр REF 4063006 (Б. Браун). Қоқтамыр ішіне инфузиялық ерітінділерді мөлшерлеуге, араластыруға, құюға және енгізуге арналған инфузиялық және трансфузиялық жүйелер (антифункционалды сүзгісі бар жарыққа төзімді ұзартқыш жүйе, көлемі 1,5 миллилитр) MF1646. 150 сантиметрлік Original Perfusor-leitunLuer Lock ұзартқышы 4097408 (Б. Браун). Инъекциялық мембранасы бар Ин-стоппер-штепсель 4238010 (Б. Браун). HydrofilmRoll пластырі. Катетерлерді бекітуге арналған Tegaderm CHG стерильді таңғыштары. Стерильді салфеткалар. Өздігінен жабысатын стерильді төсегіш



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ
Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына: 259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары арқылы хабарласыңыз

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

Балалар
жылы
2022Әсеттің
тартқан
күйлері-ай!Рая
ЕСКЕНДІРБиылғы
Балалар
жылын
қаламыздың
жас тұрғыны
Әсет Ырыс-
қали ерекше
табыспен
қарсы алып
отыр.Бармағынан
бал тамған жас
дәулескер күйші
қалалық Білім
басқармасы
ұйымдастырған
55-ші дәстүрлі

«Жас музыкант–2022» байқауының Бас жүлдесін жеңіп алды. Қаламыздағы арнаулы музыка мектептері мен өнер мектептерінің кіл мықтылары қатысқан байқауда бағы жанған жас күйшінің ертеніне өнер шеберлері де үлкен сенім артып отыр.

Жас күйші қаламыздағы Мұқан Төлебаев атындағы №5 музыка мектебінің түлегі. Осынау өнер мектебінде жүріп өзінің ерекше талант иесі екенін сан мәрте танытты. Ұстазы белгілі өнер шебері Света Молдашқызы да Әсеттің келешегінен үлкен үміт күтеді.

– Әсет биылғы байқаудың Бас жүлдесін алатынына нық сенімді едім. Өйткені, ол ерекше дарын иесі. Домбыраны қолға алған кезде ерекше қанаттанып, қомданып кететіні бар. Қазірдің өзінде халық күйлерінен бастап, қазақ күйшілерінің туындыларын толық меңгеріп алды. Қазақ өнерінің болашақ жұлдызына бағыт-бағдар бергенім үшін де аса қуаныштымын, – дейді Света Жолашева.

Биыл Әсет Болатұлы Білім-Инновация лицейінің 9-сыныбын бітірді. Оқу ордасы өнер мен спорт сайысында ерекше қабілеттілік танытып, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан оқушыларының келешекте биік белестерді бағындыратынына сенімі мол. Сондықтан оқу жылының соңында Әсетке «Лицей мақтанышы–2022» атағын табыс етті. Домбыраның құлағында ойнайтын дарынды ұлдың келешекте дәстүрлі өнердің дүлдүлі атануына мүмкіндігі мол. Қазақ өнерінде тағы бір Әсеттің бағы жанғалы тұр.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛАТАУҒА БҮЛТТАР БАУЫР БАСЫП
ҚАЛҒАНДАЙ...Ақ шуда қысыр бұлттар емес, нөсер тілеген көкала бас
қорғасын бұлттар шың басын қымтап алғанСәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Алматыда биылғы жаз жауын-шашынды, найзағайлы болып, ауа райы құбылмалы қалпын әлі сақтауда. Алатаудың басынан бұлт кетпей тұр. Бұлт болғанда да ақ шуда қысыр бұлттар емес, қорғасын түстес көкала бұлттар. Тау бөктерлері мен шатқалдарын салқын самал еншілеген. Түнге қарай тіпті салқындап кететін көрінеді.

«Алдағы аптада аптап ыстықпен бірге нөсерлі жауын, өкпек жел, салқын самал болуы әбден мүмкін. Найзағай ойнап, күн күркіреуі де ғажап емес...» дегенбіз өткен жолғы пайымымызда. Солай болды да, 24 маусымда екінті кезінде екпіндете басталған нөсер алматылықтардың есін шығарды...

Ертеңнен бастап шілде айы табалдырықтан аттайды.

«Құрт, ірімшік қайналды,

Құлындар да байланды.

Жапырақтар жалтайды,

Жас қозылар марқайды...», –

деп басталатын шілде көрінісі туралы тамаша жыр бар. Табиғат жыршысы Ілияс ақынның (Жансүгіров) «Жазғы шілде» деген өлеңі бұл. Шілде өте ыстық ай, оның ыстығы 40 градусқа жететін болғандықтан әрі 40 күнге созылатындықтан, бұрынғылар «қырық күн шілде» деп атаған. Маусым айының 26 жұлдызынан тамыз айының 5 жұлдызына дейін ауа райы өте ыстық болады. Иә, бұл болжам бойынша, қазақы пайым осылай дейді. Ал шын мәнінде әлі аспан толық әрі тұрақты ашылар емес, жаңбыр басылар емес.

Өтіп бара жатқан айдың 26-сынан бері «Бас шілде» амалы жүріп жатыр. Амал кезінде қапырық ыстық болады. Кейбір жылдары қоңыржай қалыпта өтеді. Ел арасындағы ауа райын бақылайтын есепшілер бас шілденің қалай өтуіне қарап, шілде айындағы күн райын болжайтын болған.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылыстарына қарап жасалған жорамал:

- *Таңғы шөп құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады.
- *Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді.
- *Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады.
- *Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы күрт жақсарады.
- *Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- *Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- *Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

«Арудан асқан жан бар ма?

Жылқыдан асқан мал бар ма?

Биенің сүті – сары бал,

Қымыздан асқан дәм бар ма?» –

деп, Ақтамберді жырау толғағандай, ел жайлауларында құлын байланып, бие сауу жүріп жатыр. Қымыздың жүз ауруға ем екенін дәрігерлер айтып жүр.

Саумал – сал ауруларына, жүрек

пен асқазан жарасына, бауыр мен өкпе ауруларына мың да бір шипа. Буын мен қаназдық дертіне де дауа.

Бүгін ай күнтізбесі бойынша, жаңа айдың 1-і. Ал қолданыстағы күнтізбе айдың соңғы күнін – 30-ын көрсетіп тұр. Әр айдың ортасы мен басқы кезі, әлбетте, өзгеріссіз болмайды. Демек, алдағы аптаның жаңбырлы болатынын меңзеп тұр.

ЖЕР-ЖАҒАН

Дініне берік
қарияСуреттегі қария Африкадағы
шалғай ауылдардың бірінде
тұрыпты. Мұсылман дінін
ұстанған.

40 жыл бойы бес уақыт намазын мешітке оқыған. Маңдайына қиғаш ізін салған тағдыр тауқыметімен өмірінің соңғы кезеңдерінде жападан жалғыз күн кешітті.

Содан «мен өліп қалсам, өлгенімді ел-жұрт білмей қалып жүрмесін» деп, мешіттегі жамағатқа «егер қатарынан екі уақыт намазға мешітке келмеген болсам, өлгенім!» деген екен. Жақында жұма намазын оқып тұрған сәтінде соңғы демі үзіліп, өмірден өткеніне бар халық куә болыпты.



Батыл балақай

Вашингтонда өткен
Қытайдың жаңа
жылын қарсы алу
шеруінде полиция
өкілімен сөйлесіп
тұрған кішкентай
балақайдың осы
суреті 1958 жылы
Пулитцеровский
жүлдесін иеленген.

Аллан Уивер деген балдырған сол кезде екі жаста болыпты. Ата-анасын тындамай, қызылды-жасылды боялған айдаһарларды, отпашуларды жақыннан көру үшін тым алдыға шығып кетеді. Сонда баланың жанына нөпір адамның аяғында тапталып қалмасын деген қауіппен таяп барған Морис Куллинан есімді полицейді баланың өзі сұрақтың астына ала жөнеледі. Өзіне еңкейіп тұрып көңіл бөлген, мейіріммен үн қатқан, жылы ұшыраған ресми формадағы адамнан еш қорықпастан, жаңағы жарқ-жүрқ еткен шерудің қызығын былай ысырып қойып, «Сіз теңізші емессіз бе?» деп сұрап жатыр әуелі.

Осы бір жылы сәтті қалт жібермей фотоаппаратына сырт еткізіп басып алған фотографтың шынайы суреті әлемді шарлап кетіп, көптің ықыласын оятқан екен. Уақыт өте келе Куллинан полиция бастығы лауазымына көтерілсе, ал баяғы кішкентай Уивер танымал режиссер Орсон Уэллстің ассистенті болған екен.

Бүгінде осы фото екі кейіпкердің де қонақ бөлмесінде ең танымал картиналардың бірі болып ілініп тұрған көрінеді.

Капсулада
өмір сүрген әйел«Басқа
түссе,
баспақ-
шыл»
демекші,
Марта
Мейсон
есімді
әйел 60
жыл бойы
капсулада
өмір
сүрген.

Марта 1937 жылы дүниеге келіп, 11 жасына дейін қатар-құрбыларымен асыр салып ойнаған қыз. Ел қатарлы мектепке барған. Анасына үй тірлігіне көмектескен.

Алайда, 1948 жылы отбасында қаралы оқиға орын алады. Алдымен ағасы полиомиелит дертінен көз жұмып, артынша қыздың өзі де дертке шалдыққан. Жасөспірім қыз бұл кеселден аман қалғанымен, жастайынан төсекке таңылып, ештеңеге жарамсыз мүгедекке айналып шыға келеді. Бір айдың ішінде бұлшықеті жансызданып, мүлдем қозғалыссыз қалған. Кейіннен денсаулығы күрт нашарлап, өздігінен тыныс ала алмайтын жағдайға жеткен. Марта Мейсон дереу ауруханаға жеткізіліп, тыныс алуды қамтамасыз ететін капсула-аппаратқа жатқызылады.

Дәрігерлер Мартаның анасына қызы капсулада ең көп дегенде бір жыл ғана өмір сүре алатынын айтқан. Дегенмен, ол дәл сол капсуланың ішінде бақандай 61 жылын өткізеді. Мектепті үздік бітіріп, беделді екі университеттің дипломын иеленген. Жергілікті газеттердің бірінде журналист болып жұмыс істеген. Ол күндіз-түнгі тұрағына айналып кеткен темір капсуладан өте сирек және аз уақытқа ғана шыға алатын болған. Сол аралықтарда өмірге, білімге һәм жақсылық атаулыға құштар әйел талай жұмысын тындырған. Ол 60 жылдың ішінде кез келген уақытта ажал құшуы мүмкін еді. Оны алға жетелеп келген мықты рухы мен ерік-жігері және жақындарының махаббаты болса керек.

Марта Мейсон өмірден 2009 жылы 71 жасында өткен.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.